

Сүлеймен Баязитов

ШІОЙІ



Сүлеймен Баязитов

**ШОҢ
Аңдатпа**

Павлодар, 2020

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3(5Каз)
Б 31

Сұлеймен Баязитов
Б 31 ШонАңдатпа.—Павлодар:—ЖК«СытінА.А.»,
2020. — 102 б.

ISBN 978-601-284-345-3

Белгілі ақын Сұлеймен Баязитовтің бұл жинағы екі болімнен тұрады. Алғашқы ақыз белімінде кезінде алты алашқа аты ақыз болып тараган баянауылдық Едігे би, Қаздауысты Қазбек би, билер тарихы, т.б. туралы сез қозгалады.

Олжабай батыр, Шон туралы поэмаларда ел қорғаны Олжабай батырдың ерлік істері нағымды суреттеледі. Ал «Шон» поэмасы Баянаула сыртқы округінің ага сұлтаны Шоңның қаралардың хан, төрелерде кеткен кегін қайтарудагы жеңісті күрсі әдемі, асерлі баяндалады. Ол сол заманда қардан шыққан алғашқы ага сұлтан еді. Кітап қалың оқырманға ариналған.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN 978-601-284-345-3

© Баязитов С., 2020

Едіге би

(Аңыз)

Екінші нұсқа

Түгел сөздің түбі бір

Ақыры Тәуелсіздік таңы атыш,
Сан жылдар келген жүртты жабырқатып.
Шындықтың айқарыла беті ашылып,
Хан, билер шежіреден түр тіл қатыш.
Шежіре сөзіне біз сенер болсақ,
Откенді соган қарап шолар болсақ.
Ел тарихын біршама ұғар едік,
Шындықтан тым шалғай кетпей алшак.
Шежіре Майқы биден бастар еді,
Майқы би би біткеннің асқары еді.
Ол көшін қазы бидің бастап еді,
Майқы би 120 жыл өмір сүрген
Қазақтың Төбе биі, асқары еді.
Таныған оны татар, карақалпақ,
Башқұрт, өзбек біртұтас жатқан жалпақ.
Олар да биіміз деп бағалаған,
Сыйлаган құрмет тұтып бабалаған.

«Тұгел сөздің түбі бір,
түп атасы Майқы би»
Деген сөз содан қалған бір ұлы сый.

Қазақ заңы тарихынан

Алғашқы беташары заңымыздың
«Қасымханның қасқа жолы»
Куанышпен қарсы алды халық оны.
Құранның талабына сәйкес келіп,
Қазакқа танытқан ол оң мен солын.
Ол өзі бес-ақ баптан тұратын-ды,
Көрініс тапқан халық мұрат үні.
Артық болмас, зайрыы, білген мұны.
Қасымхан өлсе дағы заңы өлмеді,
Сол занда:
«Жеті атага дейін қыз алмау, қыз бермеу,
Құдай десіп күда болып жүз көрмеу»
Тайға таңба басқандай-ақ жазылған,
Бұл қазақты сақтаған ед
азғындаудан, тозудан.
Күні бүгін сол қағида аз қазақты демеген,
Дәл бұл үшін бізді ешкім
артта қалды демеген.
Қайран, біздің бабалар-ай көреген!
«Есім хан заңы» деп аталып артты құны.

Есім ханның ескі жолын тірек етіп,
Жарты гасыр арада кеткенде өтіп.
Тәуке хан тұсына да айыл жимай,
Сол баяғы екпінмен келді жетіп.
Құба қалмақ жорығы шапқыншылық.
Саяси жағдай. Тәукеге құлақ түріп.
Сұңғыла билер жесір дауы,
Күн дауын қосқан еді.
Уақыт талабына сай жетілдіріп,
«Жеті жарғы» атады сол занды олар.
Ауызекі жеті хақиқат десе болар,
Қазақ заңы бар-жоғы осы міне,
Ал билерге тоқталсақ көніл толар.

Түркесатын жерінді айт

Жол бойында ешкім жағын ашпаған.
Тайкелтір:
— Алыс емес Қонтаждың елі енді.
Жұз кісімен ентелеп,
Қалмақтың ішіне енгенде
Боп жүрерміз шерменде.
Екі жігіт қалмақтың
Хабар салсын еліне.
Қазақ қолы жиналып,
Келе жатыр еліңе.
Қалмасын Қонтаж қиналып,
Дайындалсын тегінде.
Деп бізді сізге жіберді.
Дерсіңдер депті жігерлі
Бектерін жинап бұл енді.
Алыстан қонақ келеді,
Бетке алыш бұл елді.
Шатыр тігіп, мал сойындар, —
Деп тапсырма берді бұл енді.
Хан ордасы. Есік ашты қызметші,
Орда да бұларды меймандай күрметті
Үәзірлер қарсы алды.
Өңгірледі әлдебіреу:
«Қазақ елшілері», — деп жар салып.
Тек Қонтажы марғау қарап бұларға:
— Елші деуге осы иттерді тұра ма?.. —
Отыр еді астам ойга беріліп,
Жыбырлатты ерінін амандасуға да ерініп.

Тайкелтір би бергенінде жүгіне

– Е-е, – деген ед үніле қарап түріне,

Сонан соң үнсіз қалған-ды.

– Сейле, – деді әлден кейін жұлынып,

Өз-өзінен астан-кестен бүлініп.

Тайкелтір би:

– Өгізді өлеңге байладық,

Өрлікті төменге байладық.

Ақ десен де, қара десен де

Істің шешуін өзіңе байладық.

Контажы хан тағынан атып тұрып,

Сарай ішін адымдал кезіп кетті.

Әлден соң:

«Уәй!», – деген ед қасқырша ұлып.

– Көргендер бұл әлемде менен тепкі

Естерін әлі күнге жия алмай жүр.

«Контажы» десе біреу зәресі ұшып,

Көл боп акқан көз жасын тыя алмай жүр.

Сол жайлар тұр қазір де еске түсіп,

Жоқ, сендерді өлтірсем тынады не?..

Күтіндер хабарымды,

Ал хабар болмаса, жалтырат табаныңды!

Жандарың қеуделерінде,

бағтарың иықта,

Дүние түйікқа тірелмей

тұрғанда тайындар!

Сол сәтте сарайдың босага тұсынан

Зәресін елшілердің ұшырган:

- Таксыр хан, дат! – деген үн шықты.
- Арызың болса айт!

Хан оны тыңдауға ынтықты.

Не дер екен бұл мықты?!

Қазбек сонда:

- Сен темір болсан, мен – көмірмін,
- Еріткелі келгенмін.

Екі елдің арасын

Теліткелі келгенмін!

Сөз бермейтін шешенді

Кеміткелі келгенмін.

Тұтқыр сары желіммін,

Жабысқалы келгенмін.

Жаңа үйреткен жас тұлпар

Жарысқалы келгенмін.

Сен Қабылан болсан, мен – арыстан,
Алысқалы келгенмін.

Шалқактамай сөз берсөң,

Табысқалы келгенмін.

Шалқактайдын болсаңыз,

Тұрысатын жерінді айт,

Шабысқалы келгенмін! – депті.

Сонда хан:

- Уа, жаным, сен қай ұлсың? – депті.
- Тай бәйгесін тақияма тар санап,
- Ат бәйгесінде қол санап,

Келіп тұрмын осында,
Ат бағушы қосында.
Қаракесек Келдібек бидің
Сіргелі тайы едім.
Албырттау болсам да,
Қиялға бай едім.
Хан:
— Атың кім?
— Атым – Қазбек.
— Даусың қаздың даусы сияқты екен
Атың «Қаз дауысты Қазбек» болсын.
Сенің келген жолыңа,
Қазақтан тиген қолыма.
Дүние мұлік, малыңды,
Күң, құл болған жаныңды
Үш күннің ішінде қайтаруға
Тырысып салам барымды, —
Деген екен Қонтажы.
Сол күннен бастап
Қонтажының лепесі енген екен күшіне.
Қаз дауысты Қазбек атанышты бала би
Сыртта, өз елі ішінде.

Үш жүздің төбе билері

Абылай хан айбыны аскан тұста,
Қалмақты түре қуған іштен тыск�.

Үш жұздің Төбе биін әйгілеген,
Қалың ел жиналған бір тыныста.
Ұлы жұзді Төле,
Орта жұзге Қазбек,
Кіші жұзге Әйтеке.
Сайланған би болып,
Куанышты ел болып.
Ердің құны екі ауыз сөз
Заман желі озынан тұрган кезең.
Көктем жетіп, қырдағы тасыды өзен.
Сол өзендей жастар да өрекпіген,
Кезге жетті дейтүғын біздің кезең.
Сол жастардың жүретін көшін бастап,
Тұбі Айдабол, Төлеубайдан туған аскак.
Едіге он төрт жасқа толған тұсы,
Төгілген шешен еді, тілі – шақпак.
Білімі парасатты биік еді,
Сан биге бүйідей-ақ тиіп еді.
Сол алғаш шыққан екен алыс жолға,
Женсе жаксы, женбесе қын еді.
Ұлы жұз Үйсін ошақты деген елге,
Әлдебір шаруамен келген жерде.
Орта жұздің Малайсары,
Жәдігер тайпасынан,
Куназар қактығыста өлген еді.
Жұз кісі Едігенің сонына ерген,
Ұлы жұз он кісіге бір үй тігіп,
Бұларға төрлерінен орын берген.

Алшыны, Жагалбайлы, тамасы бар,
Кіші жүздің бетке ұстары мәжіліс қыш,
Келмекші бір шешімге,
Ақсақалы, жасөспірім баласы бар.
Жиналғандар
Амандық, есендіктен әрі аспады,
Дау шар айтып ентігіп таласпады.
«Намаздыгер болып қапты» түрегелді ел,
Ұлы жүзден әлдекім сөз бастады.
Ұзын бойлы,
нар жұнді шекпенді қара кісі,
Орта жүз кіслеріне қарап жылып түсі:
— Алты атасын арқалап
жүрген бар ма екен,
Жеті атасын жетелеп жүрген бар ма екен?
Алмасың болса, мойным бар,
Асылың болса, қойным бар.
Бұ сезімді ойлай бер! – деген тұста
— Ақсақал,
кішкене мойныңды бұрыңыз!
«Кигіз кімдікі болса, білек сонікі,
Ауыз кімдікі болса, сөз сонікі».
Кен шыққан жеріне қайтып сыймайды.
Сөз шыққан жеріне қайтып сыймайды.
Жарлық өзіңізден болды,
Жабдық та өзіңізден, –
Деп түйді Едіге

Отырғандар: «Бұл кім?» – деп сұрасты,
Білетін біреу сыр ашты.
– Ол Үйсін Төле би сол, – деген еді,
Сол сэтте Төле би қыр асты.
Едіге қуанышын жасыра алмай,
– Онда мен біттім, біттім, – деді талмай.
Сары тісті билердің кейбіреуі:
– Қалай біттің? – деген-ді түсіне алмай.
Төле бидің жұмбак текстес түспалын,
Өзінің оны қалай ұққанын.
Түсінбеген жұртқа жөн нұскап,
Шешуін айтты қысқа тым.
Алты атаның ұлы Арғынға алты ат
Бастатқан «тоғыз жібереді».
Төрт атаның – Төртуылға төрт,
Түйе бастатқан «тоғыз» жібереді.
Сонымен қатар «Жар құнын береді», –
Деген екен Едіге, айтқаны дәл келеді.
Сол Едіге Болашакта би атанды әйгілі,
Қадамында алғашқы туды,
Онынан ай-күні.
«Ердің құны – екі ауыз сөз»
Едігеге арналған,
Осылайша асыпты оның айбыны.

Олжабай батыр

(Поэма)

– Батый болсаң сен неге,
Жауға қайсы шаппайсың? –
Деп сұраған ініге,
Қайтарар жауап таппайтын.
Жауар күндей түнеріп,
Ешкімге тіл қатпайтын,
Күн батып таң атпайтын.
Елегізіп өз-өзінен,
Тесегінде тыныш жатпайтын.
Батырлардың есімін,
Дүргалықтай жаттайтын.
Күндердің күні әлдекім
Атап мұның есімін.
– Шық, далаға шық, – деді,
– Айтқанымды ұқ, – деді.
Абылайдың қолына
Келдім сені тіркетіп,
Ақсарбас айтып жолына.
Тұтанған үміт жылт етіп,
Жүрт жүрегін жылдытты.
Айбалтасын қолға алып,
Атқа қонды ертемен,
Намысты ту қып өртеген.

Аттанды Абылай қолына,
Белгісіз елге бір Берен.

— 2 —

Олжабай қамшы басады
Астындағы жүйрікке,
Сан қырлардан асады.
Алдынан қосын килікті,
Ат басын іркіп Олжабай,
Қосының жайын сұрады.
Жөн айтар жан табылмай
— Абылайдың қайда тұрагы? —
Деп дауысын көтерді.
— Қарандар мына есерді,
Танауының асты кеппеген.
Желігі бар-ау етеген
Төңкерердей төбені, —
Деді, — төрде отырган.
Сарбаздың бірі шіреніп:
— Ат бақтырсақ қайтеді?
Тұр гой өзі сұранып,
Әкірендеуі жаман, әй, тегі
Боп журмесін бір Алыш.
Ат бағуға бар дегенде
Қалғандай ед жағы қарысыш,
Кеткендей еді зәресі ұшып.

Жалғызға Алла жар деген,
Көрейін іспен танысып,
Кетермін тіл табысып

— 3 —

Көп қазақтың бірі бол
Ат бағуға кірісті.
Ат бағудың сыры көп,
Дөңгелетті бұл істі.
Қасқырға тіс салдырмай,
Аттарды бақты қырагы.
Ұрыға да алдырмай,
Өзін істе шындағы.
Айтқандарын үлкеннің
Құлак қойып тындағы.
Жусаганда жылқысы,
Өрлей өріп өрісте,
Келер болса үйқысы,
Үйқы соғу теріс пе?
Сол күні де Олжабай
Киімдерін шешініп,
Ен далада көсіліп,
Жайғасып ойға берілген.
Шұршітті женіп елірген
Табыссам аман еліммен.
Осы сэтте қыырдан

Шұбалған ақ шаң көрінген.
— Кетпейді, — деп бұйырган.
— Көрмендер, — деп, — мені кем.
Өз-өзінен жұлыныш,
Өз-өзінен бұлініп.
Айналасына алақтап,
Аш қасқырдай жалақтап,
Жұдырықтай шал көк шолағын
Басқа, көзге төпелеп,
Тартып барад төтелеп.
Корғанға қарай ентелеп:
— Мені де, аға, ерте кет, —
Демек болып Олжабай.
— Жөнінді айтшы, әй, ағай,
Қайда, неге асықтың?
— Сөзін қара пасықтың,
Естімеген тегінде.
Ойран сап шүршіт төріне,
Он сан орта жүздің
Ұраны болған көгінде,
Олжабайдай ер ұлан
Дал-дал қылыш қақпаны,
«Олжабайлап» ат қойған.
Қаланы сол ап қойған,
Үлестіріп жатыр олжаны.
Жетсөң қазір болғаны,
Сені де күр қалдырmas.

Болсаң дағы балғын жас, –
Деп батырды қарасын.
«Он сан орта жүз... Олжабай...
Орта жүз... Олжабай»
Сөздерді осы қайталап:
– Кім? – деді бұл айқайлап,
Түсіре алмай есіне.
Алла бақытын ашса егер,
Ертесі не кеші не?!

– Сен! – деді сонда бір дауыс.
– Сен! – деді, – сол – Олжабай!
Жан-жағына қараса,
Ешкім жок.
Таң-тамаша.
Әлгі дауыс айтқанын
Берді тағы қайталай.

– Сен – Олжабай, сен – Олжабай!
– Мен дейсің бе, Олжабай? –
Деп тебіренді есіл ер.
Жүзін сүртіп басқан тер,
Алғыс айтты Аллаға.
Мың сан рет толғаныш,
Айбалтасын қолға алып,
Басты атына қамшыны.
Алда қамал тұр алып,
Осы қамал талайдың
Өр рухын жаншыды.

Батырлардың сырттаны
Келсе дағы айбында,
Бұрсіз бе әлде табаны?
Ала алмады ай-жылда.
Қаладағы шүршіттер
Күндерін бейбіт сағынды,
Қазақ қолы сырттағы.
– Сындырма, Алла, сағымды,
Күйретпе болашағымды.
Отбасымен аман жүздесіп,
Сар далада сағымды
Бір-екілі бақсам малымды,
Арманым жоқ дер едім.
Талайдың тауы шағылды,
Дамылсыз дабыл қағылды,
– Деп ойлаумен күні өткен
«Олжабайлап» ұранда,
Шықты дауыс бір өктем.
Ғаламатымен Алланың
Жанды-жансыз дір еткен.
Қақпаға қарай андыздал,
Шапқан жалғыз қараны,
Қалды тұрган жұрт байқап,
Есуасқа көбі балады.
Гұрс-гұрс атқан окқа да,
Қарамады, қайран ер!
Көз алдына келген ед,
Қырылып қалған қалың ел.

Дарбазасы шүршіттің
Дүрліктірген көп жүртты.
Коргасын мен қалайының
Коспасынан құйылған
Шапқан ерлер алмақ бол,
Қыршынан қылған,
Көп мықтының
Алуға тісі батпаған.
Қақпаны алу ақыры,
Олжабайға бұйырған.

— 4 —

Керемет көп біз білмейтін
Жалғанда,
Талайларды қалдырған
Қақпа сонау арманда.
Тоз-тозы шықты әп-сэтте
Айбалтамен,
Салып-салыш қалғанда.
Кіре алмай жүрген арманда,
Қалың қазақ күткен көп.
Ішке кірді ентелеп,
Өлтіргенін олтіріп,
Қойдай қуып желкелеп,
Жүндей түтіп шүршітті,
Тәубасына келтіріп
Талай-талай ерлерді.

Көрген патша
Жараланған,
Олжабайды көріп көзімен.
Сұраған екен таңқалыш:
— Мұнысы, сірә,
 ұлыларға тән қылыш.
Бұлшық етінді оқ жұлыш,
Кеткенде қалай қақпаны...
— Деген екен Олжабай:
— Білмеймін мен басқаны,
Тиген оқты ойға
 алар кісі мен емес.
Жаракатты шын батыр
Жаны шықпай елемес.
— Қақырата бердім қақпаны.
Қақырата бердім ынтыға.
Шығарыш естен басқаны,
Қанды шаңы торлаған,
Жаулардан әбден сорлаған.
Ашылсын деп қазақ аспаны,
Аянбай салдым барымды.
Алға ұстап арман, арымды,
Елемедім, сенсеңіз,
Селдей бол акқан қанымды.
Шүберекке түйген ем,
Халқым үшін жанымды...
Ағасының ерлігін естігенде

Төрт-бестегі інісі
Жарасып-ақ тұр мұнысы:
– Менің ағам – бати! – деп
Олжабайлас ұран тастапты.
Тал шыбық мінген достарын,
Қан майданға бастапты.
Сол өнеге, сол ұран
Женіске елді бастиады.

«Қалмаққырган» шайқасы

— 5 —

Олжабайдың ерлігі,
Онан әрі жалғасты.
Кеппеді тіптен терлігі,
Бірде шүршіт,
Бірде қалмақ алbastы.
Жағасына елінің,
Шұрайлы бай жерінің
Мөлдіреген көлінің
Тас кенедей жармасты.
Қынабынан суырды,
Жарқыраған алмасты.
Бірде жеңіп қалмақтар,
Қазақтар қашып бел асты.
Күніренген елдің зар-мұны,

Олжабайдай арлы ұлды
Сырдан бір-ақ шығарды.
Осында еді Баянаула
Үгайы менен сыйайы.
Үш жүздің ұлы бас қосып,
Майданда бағын сынады.
Қан жұтқан ата-аналар
Бір күдайға жылады.
— Алаштың жауын жер қаптыр, —
Деп Алладан сұрады.
Тілектері қабыл бол,
Көрген қазақ дабыл көп.
Ақыры басы бірігіп,
Танытқан еді ұлылық.
Үш жүздің аты аспандап,
Әбілхайырдың аты шығандап.
— Құры, қалмақ!
— Қаш, қалмақ!
Жыраулар жатты жыр арнап.
Күндердің сондай бірінде,
— Олжабай, — деді, — Баянауланы
Көреміз бе тіріде?
Балағандарың жөн емес,
Карттардың жанын сіріге.
Жүре берсек осылай
Қалмас қарттың бірі де, —
Деген Сәти бабаның

Сөзі жанға батқан-ды.
Жалатыш қазақ табанын
Барында күш пен шаманың
Қалмақтың басын иетін,
Жалындай лаулап тиетін.
Қазақ үшін қан кешіп,
Салатын кез-ау аттанды.
Деген ойға бір беріліп,
Өзге ойдан жерініп,
Сәтиге көзін салған-ды.
Максаты бір, арманы
Сүйетін ол сондай жандарды.
Әлденеден іркіліп,
Отырғанын Сәти анғарды.
Сонан соң да, – қыстамай
Жауап бер, – деп сөзіме.
– Осы сөзді, қарагым,
Қалдырайын өзіңе, –
Деген Сәти тік қарап
Олжабайдың көзіне.
– Менен хабар күтіңіз, –
Деді дағы іркілді.
Болар, сірә, мұнысы
Дайындай бер жұртынды.
Көшуге Баянаулаға
Қыс ортасы ауса да,
Тұрган шақ ауа жылынбай

Төл төгіні басталып,
Кой қоздап, бие-құлындағы
Бастаған шақ ед сол бір түс,
Созылыш барыш, ақыры,
Сыр бойында бітті қыс.
Олжабайға сол түста
Келген ед хабар күттірген.
— Қалмақтармен сөз қыска.
Қыстап шығад бұл қыста.
Сонан кейін кешпесе,
Тап болады қырқыска.
Олжабай айтқан сәлем бұл, —
Дегенде қалмақ жайында
Қарсы уәжге адам шықпады.

— Баянаула байтак дегенмен
Боларына солай сенем мен.
Қалмақтардың берген жауабын
Сәтиге келіп баяндап,
Осылай деді Олжабай:
— Ұлы көшті өзініз бастайсыз
Баянаулага, —
Деген ед сәл аялдал.
Едіге биге ой салған-ды
Айтылмаған сөз қалмады.
Көшелік десті ақыры
Мамыр туда алдағы.

— Аллаға сенім арталық
Үмітпен танды қарсы алып.
Жалпак жүртқа жар салып,
Белді бекем буалық.
Бұл хабарды әр қазак
Қарсы алған ед қуанып.

— 6 —

Бәсентиін берені –
Батырлардың ерені.
Олжабайға тізе қосқанда,
Асу бермес өр еді,
Азуы қарыс бөрі еді.
Жасыбайдың деген шағы еді,
Өрлеген көкке бағы енді.
Сыр бойынан бастап келген-ді
Бәсентиін ұлысын
Ата қоныс елге енді,
Сарыарқадай белге енді.
Аздап аунап-кунаған,
Сағыныштан жүрек тулаган.
Шырқалып талай думан эн,
Талай сырлар айтылған
Жүректің түбін тырнаған.
Козғалмай қалмак жатқаны

Өзгелерге сыр ашпай
Ерттетіп мініп қыр асты.
Қаруын алмай сауытын,
Алыс жол да ауыр тым.
Сейіл құрып қайтпак боп,
Бұйыртқанын Алланың
Құба түзде татпак боп,
Шойынды көлге беттеген.
Деп еститін ол көлден
Сұлулық эсте өтпеген.
Көз күмарын қандырып,
Үміт отын жандырып
Шалқып жатқан айдынға
Айбын қосқан айбынға.
Жөтеліңкіреп әлдекім
Ойын оның бұзған-ды.
Жер кенедей тапал тым,
Сұрқы сұсты, ызбарлы:
– Кімсің? – деді кекиіп.
– Қонақпын
– Көзінді жогалт, тез кәне,
Тайып тұр дереу, жол – әне!
– Ақсақал, – деді Жасыбай,
Сөйлесеңізші тасынбай.
Кім екенімді білмейсіз,
Жазықсыз жанды тілдейсіз.

– Мен үшін қазақ – ата жау
Екендігін білгейсің,
Одан әрі тыңдамай кетті жортып.
Зәресі үшты мынаның, менен қорқып,
Деп ойлап қалмақ артта қала берді.
Кім екен сонына ерген мына қортық?
Ол жігіт Жасыбайдың інісі еді,
Қолғанат сенім артқан тынысы еді.
Кенет ол ағасына былай деді:
– Жаратпай қалдым, аға, мына сені
Ит қалмақ қазағынды қанша сөкті.
Берер деп күткен едім сені сокқы.
– Билеген патша Құдай жер мен көкті,
Тіл берген пендесіне көкіректі.
Ақылы әр пенденің қылышы-қылышы,
Бірі мисыз дегендей бірі мильты.
Сондайдың бірі еді манағы шал,
Ондайды дейді қазақ жайылған мал.
Онымен дауласудың өзі артық,
Сондықтан сен ағаңды кешіре сал.
Сөйт тағы екеумізге тағам қамда.
– Қойдыңыз кеше, бүгін шықпай анға.
– Ал онда бұлакқа ана барып тоқта,
Ку ағаш жинап қойғын салар отқа
Аң табылар андасаң жортқан манда.
Сайды өрлеп таудан асып бара жатты.

От жаныш су ысыған сэтте келіп,
Бұл ағаң ойда-жоқта елік атты.
— Сен оған дәмдеп сорпа пісіріп бер,
Қалған етті сақтайтын тапқайсың жер.
Ертесін ішіп алып таңғы шайын,
Атын ерттеп шығатын тауға дәйім.
Қалмақтар Сирек тасқа қол жиуда,
Осылай аңғартатын жүріс жайын.
Сонан соң күрсінетін, сыйынатын,
Қазақты қолдасын деп бір Құдайым.
Ал бүгін ерте түсті таудан төмен
— Сүйінші сұрамақ ем мына сенен.
Киядан Олжабайды көзім шалды,
Ертең біз кезігеміз сол еренмен, —
Деді де жалт бұрылды жайран қагыш,
— Олжекем деп жүруші ем жатыр нағып.
Алла өзі қуат берсе бірер күнде
Куармыз қалмақтарды шаңын қағыш.
Дәу де болса көші артта өзі келген,
Қасындағы батырлар сонына ерген.
Кейбірін алыстан-ақ шырамыттым
— Кемдігі толар деші меніменен,
Осылай ағасына еркелеген
Інісі шайын қойып ертеменен.
Аттарын ерттеп қойып оятқан ед,
— Тұрамын сәл тоссаныз, — деді төрем.

Шойынкөл бара жатты артта қалып,
– Сергідік баурайында аз демалыш.
Дей беріп аттан құлап бара жатты.
Гүрс етті мылтық даусы жер-көкті алып,
Інісі аттан жылдам атып түсіп,
Отырды Жасыбайдың басын құшып.
Жас парлап жанарынан жаны күйреп,
Жалтақтап жан-жағына зәресі ұшып.
Пана болар жан қайда, болар тірек? –
Деген оймен женелді
Атқа мініп.

Кейлекке көзден аққан
Жасы сіціп.

– Мынау кім Жасыбайдың
Атын мінген?

Қашса ат
Кім екенін келгін біліп.
Ананы көрген жерден.

– Ағатайым!.. Өлді!.. – деп
Әкси берді.

Көзде жас бейшаараның көңілі шерлі,
Әлгілер бірден танып қоршап алды.

– Олжабай ағам қайда шақырындар!
Қазір біз ол кісіге естіртеміз,
Басына Жасыбайдың аттанындар!

Оң жаққа қойып, бетін жауып,
Қойындар қайдан болсын молда тауып!

– Ой, бауырым, Жасыбайым!.. –
деп аңырап,
Олжабай батырлармен келді жетіп.
Сиректас дегенді естігенде,
Батырлар қалғандай ед бір селт етіп.
Қай жерге жерлейтінін нұсқады да:
– Бәсентиіндерге хабар салындар,
Батырлар маган еріндер!
Басқаларың осында қалындар! –
Деп Олжабай атына қонған еді.
– Қалмақтарды қырамыз
Жасыбайдың кегіне.
Жасыбай кегі – казактың
Үштасып жатыр кегіне, –
Деген ед Малай төгіле.
Туа қалған бұ да бір
Жұлдызды қазақ көгіне.
Ә, дегенше Сиректас
Көрінген ед қарасы.
Қалмақтың соңғы қамалы,
Жер мен кектің арасы
Таусылған қалмақ амалы.
Осында келіп тығылған
Корғаныс қылмақ, шамасы.
«Олжабайлап» ұран тастаған,
Даусын естіп батырдың
Күтуге төзбей ақырын

Таудан түскен төменге.
– Сендер, – деді Олжабай
Жазықсыз жанды өлтірген
Сендерді де тәубаларыңа келтірем,
Тасадан келіп өлтірмен.
Шығамын ашық айқасқа
Тығылсандар да қай тасқа.
Бірінді тірі қоймаймын,
Тышқан алған мысықтай
Домалатып қуып ойнаймын.
Сендерге айттар жайым бар,
Ұшырасқан қалмаққа
Осы сөзді айтындар.
Шал-кемпірге, балаға
Қаңғып қалған далада
Жөн болмас қылыш сермемен.
Күндерін керсін өлмеген,
Қыз-келіншекті жазықсыз
Қалдырмасы хақ азықсыз.
Үйленбекен ұландар
Талапты жандар мұны андар.
Жүрсін шалқып еркімен,
Баураган эйел-еркекті
Қылығымен, көркімен.
Тіл табысар, жарасар,
Талай қалмақ қатыны.

Шығарған қазак атыңды, –
Деп қолын сермеді,
Олжекенниң өзіне тән тілдік өрнегі.
Сан ғасырдан бері асты
Данышпан Мәшіүр жазбасы,
Байтақ елге таратты.
Олжабай батыр күйініп,
Жауар бұлттай түйіліп.
Қырмаған соң бұларды,
Қалың қойдай иіріп
Керегі не?! – депті курсініп.
– Сиректасқа қойдай иіріп
Қолына қару ұстайтын
Ерлері тірі қалмасын.
Жарқылдаған алмасын
Талай басты жалмасын
Кетті шайқас басталып.
«Ә» дегенше сан қалмақ
Қалды жерді жастанып.
Ерсініп жүрген талайлар
Олжабайдың түріне
Қарауға да жасқанып,
Тастай қашты қаруын.
Ажалға қандай амал бар,
Құтқармады оларды,
Сайланып келген сарбаздар.

Басты бейне албасты
Олжекеңнің қаһары
Жалмауыздай жалмаган.
Сонан соңғы кезенде,
Көлге түсіп, өзенге
Қалмақтар қия баспаған.
Ақбеттаудың шынына,
Баянаула нуына
Киядан көз тікпеген.
Тамырын жұлып қалмақтың
Аластаған елінен.
Баянның асқар белінен
Олжекеңнің мәңгілік.
Есімі тұрар жаңғырыш,
Үрпақтары «Қалмаққырғанды»
Ғасырларға жаяр ән қылыш.

Шоң

(Поэма)

Алгашқы қадамдар

Үйдегі әңгіме

— Сен мұнда келетінді қайдан таптың?

Би бұл ел танитын болашақтың.

Шоңменен тілдесетін сен кім едін?

Ұқыптаған ата-салтын, мәңес неме,

Өмірде көрмеген ем тап мұндайды.

«Кет былай» десем ұлым тапжылмайды.

Қасындағы мәңестер іліп-шалыш,

Құдай-ау, әлдене деп қалжындейды.

Шоң сонда: «Аға!» — деді күле тұрып,

— Ордада айғай салу бізше — бұлік!

Басқа болса бір шара көрер едім...

Дегенде ет жүрегім етті бұлік.

— Әкрам, сенің ұлың — менің досым

Орданың би екені есте болсын.

Ертең бізге мінуге төрт ат келтір,

Мұнымды ойын көрме жолың болсын.

Едіге биге барыш ем мұң шаққалы,

Едіге күлді дағы тіл қатпады.

Кетерде:

«Құр жүрген ат жоқ па еді?» – деп,
Өзімнен кәдімгідей сыр тартқаны.
Би ойын бірден үгу маган қайда
Айтар ойын осылай жұмбақтады.
Есіме бірте-бірте түскен еді,
Қар суынан тойынсын деп
Бір топ атты босатып жібергені.
Бала билер деп қойды ерттеп мінсін,
Не шығарын бұлардан Құдай білсін.
Қылығы балалардың ұнамайды,
Қайтерсің, мейлің күл, мейлің күрсін.
– Күрсінсең өзің күрсін, – деді әйелім,
– Ақыл-есім орнында әлі менің.
Әкірамды жерлеген жұрт алдында,
Әкесің-ау сен дағы сорым менің.
Әйелдің сөзін қайтем елемедім,
Ел күлмесе күні ертең көрер едім.
– Қарашор, сенің сөзің ақыл бопты-ау,
Демесіне кім кепіл Едігенің,
Аттарын ерттеп мініп тұр тізіліп,
Теріме сыймай

іштей тұрмын мен кіжініп.

– Әкрам, сені ме?.. – деп қала бердім,
Шоң бала мені агалап тұр үздігіп.
...Шоң алда,
Ана үшеуі соңымнан еріп,
Барады сар далага әне желіп.

Арасы қозы көш жер делбе қозып.
Шоңнан басып озбағай билеп желік.
Кім білген қарапайым салт атты сап,
Тамсанып қарап қаппын аз-мазырак.
Қыр төсіне берерін мұнша көрік,
Қалай ғана үқпадық бұрынырак.
Осылай кейде шауыш, кейде аяңдаپ,
Шоң тоқтады, аналар қалды аялдаپ.
Біреуіне ым қаққанды тұрган жерден,
Шоңға кеп, әлденені тұр баяндап.
Олардың жаттығуын естіп жүрдім,
Өнердің шығарышты алуан түрін.
Кейде олар өткен билер қазынасын,
Бірінен соң жаттапты таңдаپ бірін.
Ән салып күйге кезек береді екен,
Шарифатқа кейбірі кемел екен.
Мұның бәрін көргендер айтты маган,
Көне билер бұлардан төмен екен.
Екі-үш ай дәл осылай жаттыққан соң,
Жас билер бастаған Шоң
Сәтидің ауылына аттанды олар.
Мақсаты сәлем бермек, бата алмақ
Сол күні Сәтиге де хабар жеткен,
Сәлемді қабыл алды ол күрметпен.
Сүйсінді іштен Шоңның мұнысына
Тарылған кеңейгендей тынысы да.
Шоң болса Едігенің үміті еді

Үкілеп қосар ертең ұлы сынға.
Сәтидің кісі таныр бар шамасы
Болашақ жақсылардың қашшамасы
Алдына бата сұрап келген еді-ау
Дегенді айтпаған ел жаза басты.
Өркендер өсіп-өнді мал мен басы,
Атанған Сәти бидің үш қасқасы.
Күшігі, Ақжігіті, Жанжігіті
Қатарынан өнері, білімі асты.
Қайтерсің бұл да болса тағдыр ісі
Жай түсіп жалғыз сэтте жер томпайтты.
Айналады үш қасқасы жер атына

Үш қасқа...

Экенің мәнгілікке мұны-зыры,
Бұкшиіп еңкіш тартты сүйген жары.
Күшіктен қалған түяқ Жұмабайы.
Жарық дүние жүзінде осы бары...
Жас өсер деуші еді ел тәуба, тәуба.
Не өнбек мейлі басын соқсын тауға.
Сол оймен еңсе тіктеп, бас қотерді,
Өлгенше ерік берме қайғы жауға...
Үй тіксін, кісі жібер сойыс малға.
Бұл тұста Шоң да келіп қалған еді,
Бітімі ерекшелеу сары балаға
Сәти бір сәт сынап көз салған еді.

Шоң десе Шоң екен-ау бітімі ерек,
Жанына ергендерден тұрқы өлек,
Сықсиған қос жанары күлім қағыш,
Адамға қарайды екен тым елжіреп.
Қабагы тұргандай ма көзін жауыш,
Әр сөзін сөйлейді екен орнын тауыш.
Мейлінше сөзге сараң ойға терең,
Қарсылас билер үшін бұл бір қауіп.
Кіргізді оларды үйге Сәти бастап,
Күтуші әрқайсысына жастық тастан.
– Жігіттерің жол соқты болған шығар,
Алындар, – деген Сәкен, – аз тыныстап.
– Жастар гой бәйге

атындағы жүрген жарап,

Жараспас ата алдында жантайғаны
Отырған дара басын мыңға балап.
Шонменен танысуға құмар еді,
Сөз тындалап кеңесуге ара ағайын
Қаржастың жақсы мен жайсандары
Алдында Сәти ердің қайпаңдады.
Кезекпен Шонды жатты қонақ қылыш,
Кеп жетті ақырында қайтар шағы.

Ер Сәти:

– Қарағым, қартайғанда кеміп әлің,
Ешкімге қажет емес сенің қалын.
Кешегі билерімнің
қол астында өсіп-өнген

Өтірік уәдесінен қалжырадым.
Осында бізден бұрын тұрып жатқан,
Шаруасын көркейтіп малын баққан.
Бір бейшара момынға жан-жағынан,
Жылдан жылға кебейді кінә таққан.
Бірі келед «ана мал менікі» деп,
Бірі келед «жер оның менікі» деп.
Коқан-лоқы көрсетіп қамшы үйіріп,
Біреулер жүр айбат қып көрсетіп док.
Осыны әділ шешіп беріндер, – деп,
Билерден қашама рет еттім тілек.
Тайғақтап бір шешімге келе алмай жүр,
Кейбірі куә жоқты етеді тілге тиек.

– Сәти аға, билерінде шаруам жок,
Би сөзі болуы шарт атылған оқ.
Әйтпесе абыройы қалмай бидің
Андамай күлкі болып басады шок.
Сондықтан ату керек оқты абайлап,
Сол оққа ар-ожданың бірге байлап.
Солқылдақ алған шешім құр нобайлап,
Зияны әділ жанның басын жоймақ.
Сондықтан сенім артсан, аға, маган,
Куат берсе көрейін хақ тагалам.
Істің ағы шешеді бұра тартпан,
Осыны есіңізге сіздің салам.

Алғашқы билік

Орда тігіп, Сәтекен елін жиды,
Зәбірлеуші, зәбірленуші келді тәмам.
— Би болу жүктелген ед мына маған, —
Деп Шоң өзін-өзі таныстырыды.
Сонан соң сөзін әрі сабактаған.
— Зәбірленуші сөз кезегі дейді саған,
Тұғалы бастан отті қылыш заман.
Бұл күнге де кеп жеттім есен-аман,
Көпжасар байдың әз дегі жалғызы едім.
Осы жер Көпжасардың Бал тірегі,
Алладан қабыл болған көп тілегі.
Ел кеткенде бұл жерден қаша көшіп.
Науқас ед, төсек тартып жатыр еді.
Ел көшті, біз қоныста қала бердік,
Маңайда ел сейіліп сала берді.
Төсектен тұруға да қалы келмей
Жарықтық күннен күнге
төмендеп сала берді.
Ақыры жер қойнына бердік оны,
Үш жыл өткен аттанғалы көштің соңы.
Олардан содан бері хабарсыз ек,
Арман боп елді табу қала берді.
Ерте отау көтерген ем үрпақ өсіп,
Оларда еңбек етіп, терді нәсіп.
Кол боста садақ атып үйреткен ем,
Мал бағып аң аулауды қылды кәсіп.

Бес ұлым, бес ауыл бол дүркіреді,
Сол күндер қайта оралмас шіркін еді.
Сол тұста босып жүрген жұрт көп еді
Соғып кетіп жүретін кей күндері
Солардың бірі маган хабар салған.
Осылай беттеген топ

қалмақты көзі шалған.

Қамданып барымызша дайындалдық,
Болмай шықты әлгінің сөзі жалған.
Шал-кемпір, бойжеткен қыз,
Қалғаны бала-шага амалсыз тежелдік біз.
Оларда әлдене деп жылап шулап,
Жалынып тұргандай ед «өлтірменіз.»
Ұлымның ең кенжесі аусарлау ед
Бір қызын қора айналып барад сүйреп.
Жүгіртіп келіндердің бірін оған
Найзасын деп келді ол апты түйреп.
Деген соң амалым жоқ қалдым тұрып,
Қалмаса жарап еді құдай ұрып.
– Келінің, – деп әкеп тұр қызды маган, –
Батаңды бер, дәстүрімен ата ғұрып.
Шоң: – Келінің осында ма?
– Тергедің-ау, қарағым, осыншама.
Қарғам, келін, орныңнан тұршы, – деді
Байғұс шал қалған әбден құр сұлдері.
– Рас па қайын атаңың айтқандары?
– Рас, – деді ол орнынан тұра сала.

Би үшін бұл таптырмас дерек еді,
Зәбіrlenушіні тұқыртуға керек еді.

– Зәбіrlenуші, сені ұрған осы шал ма?
– Таяқ жейтін мен шалдан есалан ба?
– Ал онда кім?

Ол төбеттің төбесі көкке тиген,
Шекесіне шоқайтып тымақ киген.
Жерімді қайтар деп ем жанына кеп,
Жалп еткізді ішімнен жалғыз түйіп,
Сонан соң тепкіледі, аямады,
Шығуға шыбын жаным таяу қалды, –

Дегенде еңгезердей әйел тұрып:
– Сен байғұсты мен сонда сабагам-ды, –
Деді де тымақ киіп тұра қалды.
– Бердім деп айзы қанып сыбағанды.

Би:

– Ақсақал, басқа тартар куэн бар ма?

Жұрт:

– Жақтасып шықты бәрі сорлы шалға.
Айтқаны аксақалдың бәрі шындық,
Әділ би қоймас елін басындырып.
Бейшара шалға отбасын ыдыратпай,
Ұстаган пәле жабу неткен сұмдық?!
Ал бұған куә болып келгендердің,
Мал үшін арын сатып өлгендердің
Арын сатқан имансыз сатқындарды
Артық емес тірідей көмгендерің.

Шоң би

Әділдік пен Зұлымдық жекпе-жегін,
Зұлымдыққа кигізсек біздер кебін.
Шындықтың обал, сауап серіктері
Шындықтың туы болып желбірерін.
Ұгар ел тәніменен,
Жұдырықтай жүрекпен, жаныменен.
Әділдік біздің мынау тар заманда
Аңсаған байтақ елдің әні дер ем.
Сондықтан тура жолдан бұра тартпау
Аллаға күнәкар бол жаза тартпау.
Үшін мен үкімімді жария етем,
Біріце тым қатал, біріце тым жомарттау.

Үкім

– Жер иесі,
 мал иесі Әбекен деп танылсын,
Жеріне, малына заңсыз таласқан.
Ұмытпай ұлы Таластан
Тогыз түйе, тогыз жылқы, тогыз сиыр
Бастаған айып алынсын.
Өзіне 35 дүре салынсын.
Жалған куәгерлерге,
Әбекеннің адад атына
Күйе жаққаны үшін

Жала жауып негізсіз айып таққаны үшін,
Астарындағы аттары тартып алынсын.
Әрқайсына 25 дүре салынсын.
Айыпкерлерге үкім күшіне
Енгені ескертілсін.
Айыпкерлер бұл елден шеттетілсін.
Сол сәтте қаптаған жұрт кетті шулап,
– Құрысын кәрі билер көне тулақ!
Әманда беретінге бұра тартад,
Әділдік жастан шықпақ кәрі қу жақ.
Мұны әркім ұққан болар өздерінше,
Парасаттап салмақтап сезгенінше.
Сәтидің жанарында нұр ойнады:
– Бата берем балаға көздерінше, –
Дегенде ақсақалдың бірі тұрып:
– Иләй, әмин, – деген ед әдет-ғұрып
Сол сәт Сәти төгіле жөнелген ед,
Кос жанары от шашып, мың құлпырып.

Сәтидің Шоңға берген батасы

Айдаболдың асылы,
Едігенің нәсілі.
Алла саған бақ беріп,
Домалатсын өрге тасынды.
Қараның сөзін сөйлеген.

Сарғайсын тісің,
Тозсын талай көйлегің.
Хан-төреге бас ұрмай,
Өрттей лаулап басылмай.
Тұр халқының басында
Орыстармен тіл тауыш,
Тұрсаң елге жоқ қауіп.
Біз ашпаған есікті,
Тепкілеп аш тегінде.
Қарашаға бол жұлдызы,
Жарқырап туар көгінде.
Алла саған бақ берсін,
Өсіп-өнсін ұрпағың,
Біз шықпаған биікке
Самғап өзің шырқағын!
Әумин!

Шоң таңдауы

Сан жылдар мұнан кейін өтті самғап,
Артында аргымактың қара шаң қап
Кешегі бала Шоң салиқалы жасқа жеткен,
Басатын әр қадамын, сөзін андал.
Сол тұста ол ел таныған бидің бірі,
Тұлғасына сай дерлік ісі де ірі.
Шоң бидің қадамынан хабардар еді,
Орта жүз аймағының әр түкпірі.

Сыйлайтын білетіндер парасатын,
Ақылына өр міnezі жарасатын.
Қараша демесеніз шықкан тегі
Хан менен парқы бар деп таласатын.
Сөз қылыш жүрер еді сырттан оны,
Сырттан пішкен қанша

дәл жұрттың тоны

Дегенге уақыт өзі берген жауап,
Танылған кез жеткенде оны-солы.
Сол кезең 1822 жыл келіп жеткен,
Аздай-ақ қазакты хан мен төре еніреткен.
Патша ағзам уставы жарық көріп,
Қараға шықпай жатып кәрін төккен.
Уставтың эр жолынан қарашаның
Ағызар күні ертең қара қанын.
Үйтын сезінген ед Шоң би бірден
Ойлаған ерте күннен қара қамын.
Тұтанып Шоң ішінде алау жалын,
Тартқызған сәл ертерек аттың жалын.
Уставқа бағынбайтын жол іздеген,
Корғау үшін қараша болашағын.
Ойға алып өткен-кеткен шежірені,
Кенеттен ет жүрегі елжіреді.
Апыр-ау, Сәти аға Сарыарқа елді бастап,
Аттанарда жұрттына бір ой тастап.
Иншалла көкірегі алтын сандық,
Сан кәрия сұрасаң айтар ән қып.

Кейбірі Сәти маған айтқан дер ед,

Қалмаса құдай атып бәрі мәңгіп.

– Алда ауыр жол жатыр,

күнді тұтқан тұман бар,

Ұмытпай осыны есте,

ұстандар, қырандар!

Біріктіріп білекті, бір тұтас қыш тілекті,

Бақтарынды сынаңдар!

Бір Аллаға жыландар!

Құлболды, Жанболды,

Орманшы, Қаржас

Төртұлы деген атпен бұлжымас.

Одак құрындар!

Айбынбай алға басындар,

Баянаулаға асындар!

Ұмтылар сөз бе бұл

Шоң биді алапат бір сезім билеп,

Жеткізген билеріне айтып түйдек.

Осыны жүрген жерде айта жүрсек,

Осылай ел пікірін зерттеп білсек, –

Дегенде билер жағы қостай кеткен.

– Пікіріне ел жүрттың құлақ тұрсек.

Осылай елге біз

ұсынысыңызды таратамыз

Ал онда Сәти талға елді жинап,

Үлкендер пікіріне тұрсек құлақ, –

Деді Шон, – үш күннен соң жолығайық,

Сол жерге қалың жүрттың басын құрап.

Сол сөзбен билер жағы тарасқан-ды,
Бірліксіз бөрі талар таласқанды.
Дәл сол сәт бірде-бірі білген жок еді,
Бұлт басарын күні ертең қара аспанды.
Бекейді хан сайламак орыс жағы,
Тағы да хан төренің аспак бағы.
Бұл хабарды Шоң бұлттан кем көрмеді,
Курап неге қалмайды ханның тағы.
Шоң дереу билеріне салған хабар,
– Бәріне хабарладым, – деді атшабар.
Тәңірім, оған берген қабілетті,
Сәтінде қыын-қыстау ақыл табар.
Билері көп күттірмей келді жетіп,
Хан сайлауы хабарын түнде естіп.
Сәрсенбі сол күні

Нұра бойынан табылайық.

Ботақара түбін бір дүбірлетіп.
Осылай болған сон Шоң байламы,
Осыған би атаулы сөз байлады.
Әрқайсың қара-құра кісіні ертіндер!
Неге деп ешқайсы сұрамады,
Төбе бидің болғаны гой ой байламы.
Сәрсенбі Ботақара өнірінде,
Болмаған бұрын-сонды өмірінде.
Барак ханның үрпағы Бекей төре
Хан сайланбак желік кіріп көніліне.

Үлдары әлеңкедей жаланып тұр,
Мәз-мейрам жүздерінен шалқиды нұр.
Ал төренің жүзінде аландау бар,
Шоң анау қарсы алдында қасқайып тұр.
Жанарын оған тікті сыйрыайып,
Тенеп тұрды ажалға келмес айтып.
Броневскийден бата алмас ығар, бәлкім,
Зенбірекпен қит еткізбес жіберсе атып.
Үстіне киген киім алым-жұлым,
Болашақ ханның ап тұрган әбден сұрын.
— Суыртпағынан жыртып бер

маған да, — деп

Орыстар таң қалулы ед үқпай сұрын.
Жұлым-жұлым киімін бөлісіп ап,
Жұрт алдында төрені тұрган жұтап.
Үлдары кеп әп-сэтте киіндірді,
Қымбат киім тұр енді жарасып-ақ.
Аланда тұрган жандар көзін сұзіп,
Серпілді кейін қарай барад қашып.
Бөкей де үлдары да қалды сасып,
Ал аналар барады қырдан асып.
Ал тілмаш сөзді аударып қырылдады:
— Орысқа айт, аналарға оқ атсын де, —
Деп Бөкейдің баласы ырылдады.
Аударып берген сэтте оның сөзін,
Атардай қадады оған шегір көзін.

– Оттамасын! – деп ақырды сонан соң ол
Сарқылып біткендей ед әбден төзім.
– Остановите торжество! –
деген еді катқыл үнмен.

Ал тілмаш:

– Хан сайлауды тоқтатындар! –
Деп салды жалпақ тілмен.

Бекейдің ұлдарының бірі тұрыш:

– Шоң бұзықтың ісі бұл дүрліктіріп,
Сайлауды тоқтатудың қажеті жок.

Жалғасын ата дәстүр, хандық ғұрып.

Ал ұлыққа оның сөзін аударғанда,
Ақырды қара жерге бір түкіріп.

– Ақымак, не сандалап тұрсың үріп,
Жөн нұскайтын сен бе едің мына бізге?
«Ғұрып» дейді.

Ғұрыпың біздерге бір тындық.

Ал бұл сэтте манағы кеткен халық.
Атқа мініп, бірі қалмай келген салып
Шоң:

– Эй, орыс, сөзімді тындар
болсаң құлак салып,

Қажет емес, Бекейді кеткін алып.

Осы сөзді адамдар оған ерген,
Қайталап қайта-қайта айта берген.
Сонан соң Баянаула қайдасың деп,
Айбындап ата жүртқа тартыш берген.

Сатқынның жазасы

Былай шыға Шоң атын тежеген-ді,
– Сыр ақтарар келді ме кезеңі енді, –
Дегендер Шоң аузына құлак түрген,
Ал Төбе би тіл қатпай безереді.
Алған тіптен қабағын қарсы жауып,
Қарайды жан-жағына қылыш қауіп.
Өзгелерге солай бол көрінгенмен,
Жеңілмесе қалай үтпақ ебін тауыш.
Ой ауанын аулаумен әлек еді,
Адамы тосып тұрған әне келді.
«Шаншар» деген жалғыз сөз айтты дағы,
Өз жөнімен салдыртып бара берді.
Үтқанын Бекей ханның үққан еді,
Бұл онымен таза айқаста бұқпап еді.
Алты ай қыс әрекетінің алдын алды,
Арамыздан бір жансыз шықты-ау тегі.
Деген ой ат үстінде мазалаған,
Абайсың бір қадамнан қазады адам.
Өз көрін деген рас бабалардың
Сатқындыққа кім екен басқан қадам?
Шола бір алды артына қараган-ды,
Өзекке жалт бұрылған қараган-ды.
Ақ боз атты назарын аударған-ды,
Өзек куыш алшақтап барады әне.
Ақ боз ат күн нұрына шағылысып,
Жорғалап жортан қағып барады үшып.

– Опырау, атын танып, ал иесін, –
Дей берді ана пысық, ана пысық
Сәлден соң Әкрам биді одашалап:
– Сен ерген жігіттерінді келші қарап.
Ақ боз атты әлдекім өзекке
жалт бұрылды,
Қайда кетті анықта, қадағалап.
Сонан соң маған келіп баяндарсың,
Дегенсін қайтып қалай аялдасын,
Көрейін жүрген қуды іштен шалып
Жетіп кеп кіші биден жөн сұраған.
– Біз кімбіз? Майбас болса ірі адам.
Жол бойы Бекейдің халін
біле алмадым деп үнілеген,
Бөлініп қала барды бір жырадан.
Жөн сұрайтын біз бе одан қала бардық.
Кіші биден осындай хабар алып,
Шоңга кеп Әкрам саспай баяндаған.
Сол сэтте Шоңның өңі кетті ағарып,
Төбе би қанын ішіне тартып алып.
Сала берді бір қуарып, бір сазарып.
– Бекейдің халін білмек... Халін білмек
Шоң бірден үш жігітті шақыртып ап:
– Майбасты әкеліндер маған үстап!
Із өкшесі Бекейдің ауылында,
Шу шықпасын болындар мейлінше сак, –
Деген соң аттың басын кері бұрган,

Майбасты құтқармластай қақпан құрган.
Шоң алдында таң ата тұрған еді,
Жансыз боп елін сатқан сол антүрған.

– Экірам би!

Жансызы Бекей ханның, Майбас сатқын!
Шығардың елді сатып жаман атын.
Алты ай қыс Шоңың сырын,

елдің сырын

Бекейге сатқан үшін алған атын.

Апарад бүгін сені сүйреп оған,
Айтатын көпшілікке бар ма датың? –
Дегенде Экрам би Майбас

жұртқа жаутаң қағып:

– Мен сорлы ақымақпын, кеттім лагып,
Бекейдің хан болғанын қызық көрдім...

Би:

- Ақбоз атты алыш кел мұнда! – деген,
 - Уа, халайық, билігімді тыңда! – деген.
 - Сатқынға кешірім жоқ, жазасы – өлім,
Мына итті арқанмен шырма, – деген.
 - Арқанды ат қүйрығына байла, – деді,
 - Ал енді басын босат, айда, – деді.
- Сарыарқаның сан сүмдыққа күә болған,
Төсінде Майбас сұмырай жайрап еді.

Төртұлы халқы байламы

Шоң билердің есіне салды мұны,
Сәти талдың басында келер күні...
Мәселе әрқайсына анық еді,
Неге деп сұрамады бірде бірі.
Сол күні Сәти талда жиын өтті.
Би біткен ақсақалдарды ала кепті.
Олардан бөлек әр ауылдан,
Сол жерге еркек, әйел қаптап кетті.
Үкібай қысқа ғана баяндай кеп:
– Билерден бәріңізге аян бәрі,
Бұл Шоңың ұсынысы елге ариған.
Ертеңін ойлаган ел сырын бұкпес.
Сондықтан пікір болса салиқалы
Айтындар іркіп қалмай, ескерілед, –
Дегенде отырган жұрт бір қозгалды.
Қария тамағын кенеп қалды:
– Да, ағайын, айтайық барды бар деп,
Біздің ел болмаса да жүргің алды.
Хансыз да, төресіз де күн көруде,
Зорлықсыз, зомбылықсыз жайып малды.
Билерден естіп жүрген ұсыныстан,
Төртұлы ұсынысының ұсқыны тың, –
Деп ақсақал сөзін әрі жалғаган-ды.
– Мың алғыс ел атынан мұның үшін,
– Бәрі рас айтқаныңыз, – деп шулады ел.

– Хан-төресіз ел болды бүгінде,
Тек бізге тыныштық берсе жетіп жатыр.
Оларсыз-ақ еліміз ел, жеріміз жер.

– Эй, сонда хан, төрепі құдай қалап,
Қалсын деп сан пәледен арашалап,
Қарага бас ие ғып қойған жоқ па,
Оларсыз айтшы қара қайда барад?..

— Мынау кім төре менен ханды жоқтап,
Жұрт пікірін теріс деп өзінше оттап?
Күдайдың ұлы болса да шығар бері
Шабына жіберейін қазір шоқ сап.

Шон

– Пікірін айтқан жаңда жазық жоғын,
Ескертем астына сал

казаныңның болса шоғың.

Ұсынын бұл да бір атаның үрпагы да
дауысқа салам.

— Төре мен ханға арамызда жок орын, —
Деп шулап шыға келді жүрт тагы да.

— Оларды жуытпасын үрпағыма!

Аланда қарсылық үн үдең тұрды.

— Онда мен сөз айтпақ ем жүртқа мына.
Сол сэтте гулеген сөз қалды тына.

Аманатын Сэти ага орындасак,

Болмай ма урпактарға мәңгі мү

Лей келіп. – Тертулы курамы бізге м

Осы түлүн астына Айдабол да табылар.

Бәсентин баласы... Кім білер не қыларын

Сол сэтте:

– Бәсентин – Мейрамның ағасы,

Ал Сүйіндік – Мейрамның баласы.

Бұған жоқ ешкімнің таласы,

Бүректен сирак шығармай,

Бізді де бірге деп санаши, –

Дегенде Қазанғап Бәсентин данасы.

Шалқыған шаттық үнінен халықтың

Тербеліп тұргандай ед Ереймен даласы.

Үкібай би:

– Ал, ағайын, сөз құны бәтуамен, –

Демекші сіздерден

бәтуалы іс күтемін мен.

Сөз түйіні Төбе би сайлау болмақ,

Артымызда байтақ ел құлак турғен.

Ақсақал:

– Байтақ ел тілегі, айтары да,

Бөлінбейік орынсыз ата руга.

Төртұлыға Төбе би сайлар болсак,

Шоңнан өзге адам жоқ атқаруға.

Көпшілік:

– Ақсақалдың пікірі көптің сөзі,

Шонды сынар жұртының келді кезі.

Қаптаған би Шоңменен тізе қоссын,

Мына жұрттың бірліктерінді көрсін кезі.

Бата алып ақсақалдан, қалың жұрттан,

Шоң тағы бүл сынды да жарып шыққан.
Шаттанып тұрса дағы ұмытпады ол,
Артында бар екенін қалың дұшпан.
Сонан соң табақ-табақ ет тартылған,
Қазақтан айтшы қашан ет артылған.
Құран да бақшыланды дүркін-дүркін,
Аруактарға арналып жұрт атынан.

Кожы төрениң қазасы

– Жаным-ау, Үкібаймысың ерте мұнша?
– Әй, жеңгей,
Бар билік асығар ма ем менде тұрса.
– Төбе би...
– Төбедей бол төрінде отыр эне,
Шоң күлді бүл төбедей Айторыша
Есіктен Үкібай би кіре берді,
Сәлем ап Шоң орнынан түрекелді.
Назарым сенде деген сынайменен
Құлағын Үкібай биге түре берді.
Корықтағы жылқыға құрық сілтеп,
Барымташы топ жігіт бота тірсек.
Алдарына салып ап қыр асырган.
Сол күні жылқышылар кіл ересек,
Сойылдасып айғайға салған сэтте,
Құдайым қуат берсін дәйім дәтке.
Барымташылар қыла алмай көп қарсылық

Тоз-тоз боп қашса керек бір-ақ сэтте.
Колға түскен барымташының бірі тұрып:
— Алтай Қарпық жағынан Күдай ұрып,
Кожы төре бастап кеп қолға түстім, —
Деп күйзелді қаскырша ұлып.
Төре анық ханның сенген жау жүрегі,
Төремін, кетіндер, — деп әңгірледі.
Есерсок барымтадан хабары жок,
Болмасын барымтада хан тірегі.
Ұқпаған сол сорлының
Даусын естіген жылқышылар
Тап берді білекті ерге кім бар шыдар.
«Өлдім» деп шыңғырганын анық еді,
Сытылып аман-болса кеткен шығар.
Таң атқан соң үш өлік табылған-ды,
Кожы Төре барымташы
бірлен оны таныған-ды.

Қалған екеу төлеңгіті жанындағы
Сасқан ел Үкібайға ағылған-ды.
– Ал сонан соң?
– Жерлеттім марқұмдарды.
Ел-жұрты артындағы
Кім қайда жерленгенін білу үшін
Аралтөбеге жерлеттім маңындағы
– Төрсі қайда койдырдың?
Козіне тусер ел-жұрттың.

Төрелер дау түргызбасын деп,
Аралтөбенің үшар басына
Төлеңгітерді!
Еңісіне сол төбенің
Ел- жұртыңа жеткіз дерегін, –
Деп тұтқынды босатқам.
Уәлиханға хабар жетіпті келер күн
Аюнияз тәңрегін жайлаған,
Үйірлеп бие байлаған
Төрт түлігі тең өсіп,
Қой, қозысы шайлаған.
Сондағы қаржас еліне
Қаржастың бір төріне.
Уәли хан хабар салыпты.
– Білетін ел төрені шығарады төріне.
Ал қаржастар көміпті,
Бейкүнә жанды көріне.
Осыған орай үкім етемін
Хан тұқымы Қожыға сойыл білеген
300 жылқы – ер күны
Төлеңгітерге 100-ден,
Қадап айтам мен мұны, –
Деп Уәлихан қолын қойып
Үнсіз отырған Шоң манадан
Үкібайға көзін қадаған.
– Уәли хан... деп барып тыйылған.
– Кетейін, Шөке, садағаң

Шоң болса:

— Уәлихан ізі бұл істе

Жоқ деп кім тіптен айта алад?

Іштей ол осы сөзді айта берді қайталап.

Әлден соң:

— Әйтсе де соны, бірақ та

Санаға құйып жеткізетін құлакқа.

Би қайда ханға айбынбай

Ой қиялын бастап жыракқа.

Тығырыққа тірелітін

Биязы тілмен бипаздаپ,

Сілейтіп соймай ірелітін.

Ә, дегеннен түк қоймас ем түбінен

Деп ісінетін билер жетерлік.

Ал хан алдында еңсе көтеріп.

Тіл қатуға дәрменсіз

Көксая қойдай күрк-күрк жөтеліп.

— Хан ием, хан ием деуменен

Қысыр кеңес бастайтын

Мұделі істі айтуға

Табандап аяқ бастайтын.

— Бәрекелді, — десе Уәлихан,

Одан соң жағын ашпайтын.

Билерді Уәлиханға жіберіп

Отырганша тірі өліп,

Бабадан қалған үлгіге

Бір Аллаға сыйыныш бізде табан тірелік.

– Үкібай! – деді бір сэтте жымың етіп,
– Сен маган Жұмабайды келші ертіп.
Сен оған өзің барма, кісі жібер.
Жарадан сақтанғайсың тұрган тертіп.
... Үкібай Жұмабайды ертіп келді.
Шоң отыр амандығын сұрап елдің.
Жан сактау қамыменен күйбен қағып,
Артында жатқан анау сары белдің
Әлден соң Жұмабайға тіке қарап:
– Сокталдай жігіт бопсың іске жарап.
Келер деп сені арнайы шақырған ем,
Ішінен топ жігіттің дара қалап.
Уәлихан асу бермес, ол бір биік,
Талайлар тайталасып тартқан күйік.
Билерден қарсы келер табылмай жан,
Табаның қайтқандар көп оның сүйіп.
Мен соған сені, Жұмабай, жұмсамақпын,
Аузынан арашалап ашқарактың.
Талап еткен ер құны деп 500 жылқы,
Үкімін талқан етсөн зәнталақтың.
Сонда елің атынды атап сүйінер ед,
Дүшіпаның тұз жалар ед, күйінер ед.
– Шоң аға, сөзінді бөлейін сәл
Өтінбекпін сөзінізді түйінде деп.
– Илахи, әумин батанды бер!
Шоң сонда: «Кел, бері кел!» –
Деп оған батасын берген еді.

Үкібай сенің үшін сыналад жер,
Елің үшін төккен ең сен талай тер.
Қызмет қыл Сәти баба үрпағына
Жұмабай көрмеген ел, көрмеген жер,
Сен оны өзің бастап апарасың.
Уәлидің өзгертуге көзқарасын
Бір көмегің сенің де тиер, бәлкім,
Сенемін өзіңде мен шет қалмассың.
Сол күні бір Аллаға сыйынып
жолға шықты,
Артта Шоң, алда Уәли екі мықты.
Арбасып айбат шеккен бір-біріне
Сарыарқаның альштары керме иықты.

Ордада

– Сүйіндік адамдары келе жатыр,
Жар салып ағып өткен жаршы пакыр.
Уәлидің мұны естігеніне үш күн өтті,
Мұзға отыргандай
Алданып күй кешті ақыр.
«Хабаршысы келді» деп мәлімдеді.
– Кәне кімдер білдің бе, Сәлім? – деді,
Үкібай би, бір бала атқосшылар
Уәлидің шықпай қалды тіpten демі.
Тынысы тарылғанын сездіртпеді,
– Бар, – деді.

Хабаршы маңайынан тез зытты енді.
Уәлихан қатты қапа болған еді,
Сарылып Шоң келер деп көп күткен-ді.
Тағына кеп жайғасып көзін жұмды,
– Бұл жолы да опыр-ай сағым сынды.
Абылайдың асына келе тұрып,
Хан сайлауға қатыспай кеткен жынды.
Шоңдың шаңын қақ деген төрелердің
Сөздеріне құлақ түріп елемедім.
Сол жолы қолды бастап Баянтауды
Коршауға алсам ә, бәлем көрер едім.
Сейтіп, ол төнірегіне танытқан ед,
Қараның хан, төресіз ел боларын.
Көліне үйрек ұшып, каз қонарын.
Хан төресіз қыс түсіп, көктем туыш,
Жарқыраган жайдары жаз боларын.
Мұны ұқса қанжығалы, шұбыртпалы,
Күңгірт тартып жүрмese жанған бағы.
Керей, найман бұларда қарап қалмас,
Бас көтерер ел аз ба тағы-тағы.
Хан, төреден бөлінген ел Сүйіндік,
Бұлар үшін болған мен көзге күйік.
Ежелден қабыргалы ел жер қайысқан,
Мәртебесі өзге үшін тіптен биік.
Төрелерді былайғы ел деседі ынжық,
Төре түгіл хан дагы кетті жұнжіп.

Эйтпесе Шоң биді ауыздықтап
алмас па еді,

Сүйіндікті тізгіндең іштен мұжіп...

Бір Төренің шу шығып қаны тамса,
Қалың жұрт Шоңға барып әлек салса.

Шоң амалсыз алдына иілер ед,
Хан ием, көмектес деп жаным қалса.

Қасындан табыламын,
Әміріңе күлдүк ұрып бағынамын.

Дер ме деп атандырган адамдары
Жаңғактай быт-шыт болып шағылғанын.

Кожы төрені бас қылып барымтаға,
Сол Кожы шәйіт болды барымтада.

Есіл ер көзін жұмып кете барды,
Кім бар ізденеп аттанар қарымтағы.

Селт еткен жан болды ма төре өлді деп,
Төреден қара қазак беделді ме ед,

Тіксінген Шоңға барып төбетсің деп.

Бұлдірдің ел арасын сен енді деп,
Кім бар Шоңға сөз айтқан қарсы шығып.

Осылай өзін-өзі қажап, мұжіп,
Уәли хан тыныши алмай қаны қызып.

Жатқанда Сатылғанның Үкібайы,
Отырды хан мейірімінен күдер үзіп.

Ғубайдолла, Айғанымды бірдей салып,
Уәлиханға сөзі өтпей отыр налып.

Жұмабай Уәлиханға кіре алмаса,

Не демек бұған сенген қара халық.
Жүрдай боп абыройы мен беделінен
Көрінбек Шоңға қалай не бетімен?!

Төбе би не болғанын сұрап болса,
Апырай, не деп жауап беремін мен?..

Бәрінен Сатылғанның рухы түсіп,
Үкібай селт еткен ед зәресі үшіп.

Жұмабай езу тартып үйықтап жатыр,
Сол сәтте кеткен еді, көзі түсіп.

... Таң атты. Жұмабай да түрегелді,
Шайдан соң бұған қарап былай деді:

– Үкібай аға, Ғұбайдоллаға баста мені,
Алла жазса бұл істің келер жөні.

– Иә, сәт.

Жұмабай Ғұбайдоллаға тіке қарап:

– Сабалақ танылмаған жаңа талап
Онымен бірге тағынған қару-жарак,
Санаулы жау жүректің бірі Сәти,
Шегінуді білмеген жау қаумалап.

Шапқанда сол Сәти мына менің атам еді,
Ерлігі үшін Абылай ер Сәти деп атап еді.

Марқұм әкем әкеңмен түйдей құрдас,
Қабылдамай қинады әкең мені.

– Айтайын, айтайын, – деп Ғұбайдолла,

– Хабар күт, – деген еді, – қапа болма.

Көп ұзамай одан хабар жетті.

– Келсін, – депті.

— Хан ием, датыма сәл құлақ асқын,
Алла қойса он бескө жетті жасым.
Он бесінде білесіз ер Сабалақ
Ұран салып қалмақ қолын жарды барыш,
Жекпе-жекте қалмақ
батырының басын альш.

Сонда Бұқар атынан түсіріп-ап,
Берген дейді қалың ел ақ батасын.
Сол Сабалақ Абылайхан әкең еді,
Бұқар жырау ел білген мениң атам.
Хан барлап байқаған ед төңірегін,
Сол сэтте Жұмабай тағы тәгілген-ді.
— Хан ием, екі сауалым бар?..

Отыргандар ішке тартты демін енді.
— Алла күзырына хан қарсы шыға ала ма?
— Келесі сауалың?
— Алла пәрмені айыпқа жата ма?
Уәлихан қалған еді іштен тыныш,
Бала ойы неткен терең, неткен тұнық?!..
Кожының ажалы – Алланың күзыры бұл,
Біздің жерде жұлыны үзіліп тұр.
Алла пәрмені маңдайына жазылыш,
сызылып бұл,
Ал оған кінәлау пенделерді күпірлік дүр.
Уәли хан ой түбіне шым батқандай
Әлден соң Ғұбайдоллаға тіл қатқаны:
— Жұмабай мен Үкібай
сынды қонақтардың,

Ырза болып қалаймын аттанғанын, –
Деп тапсырып Ғұбайдоллаға бұл екеуін
Үәли хан аңғартқан ед жол шығарын.
Ғұбайдолла әке сөзін екі етпеді,
Союга ак байталды жетектеді.
Әрқайсына жеке-жеке үй тіктіріп,
Құс мамық, жұмсақ болды төсектері.
Өзі сон соң қозы көш жер шығарып сап,
Мұны олар хан ықыласы есептеді.
Байтақ кыр назар салған уақиға еді,
Десек те артық емес мұны тегі.
Хабарды естігенде жылапты елі,
Шоңға хабар сол күні жеткен еді.
Қаржастар өшкендері жанып,
Өлгені тірілгенге есептеді.
Еске алды ел аруақты, өткен бабаларды,
Мәз болды төрт ұлылар тәнті өзгелер.
Дегендердің ісінді бір көз көрер,
Дүниe тұракты емес, мың өзгерер.

Жұмабайдың Шорман атануы

Шоң бидің бір байlamға келгені анық,
Жас қыран жетілуі үшін қанаттанып.
Аудару ел назарын – басты парыз,
Бағын ашпай алыптың өспесі анық.
Содан да ертесінде сөз бастаган,
Өзгеге Үкібайдан сыр ашпаған.

— Жұмабайды би сайлау салтанаты
Ісіміз болсын, — деді, — тың бастаған.

— Ерейменге елді жи, Сәти талға.
Жеті күн болады, — деп, — қызық алда.

— Алдын ала келіскең Мамықпенен
Деп отыр ол: «Тәңірім, өзің қолда».

Каржастар аспандаган асып бағы,
Епейменге ат басын бұрган дағы.

Шон Үкібайдан сұрады:

— Кім келді? — деп,

- Квандық Каракесектің

көрінбейд қаралары,

Сонан соңғы жаңалық мынау еді,
Калай болар екен деп мұның жоні.

Жұмабайға Шор деген есім берсек,
Кайында Шор болады катты тіні

Калың ел түсінеді бірден мұны.

Сөйтіп, бір тың дәстүрге орын берсек, –
Легенде Казанғап би түрегелді.

— Сөз көп қой, тізе берсек тінте берсек.
Буд сөзге ағайындар түптеп келсек.

Шор деген Каракестің бір атасы.

Шор деген
Елшілдер

Влєтнідер.
Созінін жок катесі. —

Девон сон Шон

Алайна Жумабайлы Шорман десек,

Енде де бүл есім да тіптен кесек.

– Бұл – біздін Шорманымыз, –
деп шуласты ел,
Жайқалған Баянауылда гүл-бәйшешек.

Капитан Броневский Генерал Глазеновтың қабылдауда

Броневский кірген сәт есік ашып,
Глазенов қарсы алды оны кербез басып.
– Қалай біздің сары аяз шымшыды ма?
Сагынған гой жөні бар,

жүрдің ұзак қашық.

Екеуі аз-мазырақ осылай қалжындастып,
Жайгасып отырған соң әңгіме ашық.
Басталып кете берген іс жайында.

– Губернатор

Бекейді хан сайлап,
Колын қойды мөрін басып.

Сөйтіп біздің ісіміз сәтті бітті.

Біраз уақыт жүріп ем болып күпті.

– Сіз бе, мен бе? –

деп капитан сөз қосқан-ды,

– Шоң бұзық шырқын алып сайлау тіпті
Болмай қала жаздады емес пе? – деп
Капитан сыр суыртпақтап,
Бекінгендей кенеске бек.

Кабинет иесі капитанды іріккен ед,

– Ол жайлыш рапортты да

жаздың емес пе? – деп.

– Сен енді маган азырак құлақ сал.

Сонан соң капитанға күле қарап:

– Бекіт бір, ал Шоң болса жеке тарап,
Мына хат Шоңның хаты маган жазған.

Тындаңыз, ол біздерге қояд талаң.

– Талаң?.. Онысы қызық екен!.. –

Деп тұрды іштей, –

талабынан қызбас шекем.

Кабинет иесі хатты оқып тұр

Бір сөз жоқ жазғанында алар секем.

– Алты рудың басын біз біріктіріп,

«Төртұлы» халқын құрдық кіріктіріп, –

Дей келіп қол астымында

екі жүз елу мындағы

Әйел, еркек сақталды әр руда еріктілік.

Максатымыз – хандарға билік бермеу,

Төлеңгіттің салпақтап сонына ермеу.

Ұмтылған хан, төрені Баянтауга,

Тізгіндеу, көнбей жатса, тірі жерлеу.

Құрылтай мәжілісі Төртұлының

Төбе би ғып сайлады салты

деп бұрынғынын.

Мойныма алдым ел артқан ауыр жүкті,

Қалтқысыз қызмет қылыш табам қыбын.

Өмірлік маңызы бар мәселені,
Алты рудың Төбе би
бас қосып шешеді енді.

Байланысты істерді тек біздерге
Бекей арқылы жүргізу керек емес
тіптен енді

Сондыктан да тікелей біздерменен
Қарым-қатынас жасауды тілер едім.

Капитан:

– Мұның да арманы – хан болу, –
деп қалған-ды.

– Сөзіңдің осы бір жоқ салмагы,
Сіз Шоңды –

Бекейдің сөзімен бағалайсыз,
Ал Шоңның хан болудан басқа арманы.

Қазаққа ханның тіпті керегі жоқ,
Қазаққа оның, сірә, берері жоқ.

Ант атқан қараларға салады шоқ,
Түкке түрмас қаралар дүние бок.
Ал Хандар қасқыр мінезі

қараларды талап тынар,
Төрелер олардың қанын жалап тұрар.

Осылай теке тіркес ит жемеде
Құртпақшы қалың елді қарақшылар.

Іргесін қарашадан аулакқа сал,
Жас үрпак қазақ деген талаптылар
Бұл Шоңның ашылмаған қазынасы,
Ел тізгіні қолына тисе Фазиз басы.

Ұсынбақ басқарудың жаңа әдісін,
«Бұзық» деп оны Бөкей былшылдастын.
Сіз оның мәліметіне тіптен сеніп,
Қараңғы қара орманға кеттің еніп.
Сол Шоңның халқы алдында ары таза,
Ал Бөкей арсыз адам жиіркенерлік.
Осыдан соң көр қане адам танып,
Қырсыздық десеңізші мұны неткен.
Қаншама жазықсыз қан жатыр тамыш...

Нұра шайқасы

Бөкей хан қуәлігі қолға тиіп,
Шөп еткізіп алған ед мөрін сүйіп.
Сонан соң төңірегіндегілерге
маңғаз қарап:

— Күні ертең Шоңға тарттырам, —
деді, — күйік.

Тағы да әлдене дей берген еді,
Сол сэтте Төлеңгіті келген еді.
Есіктен аттай берген оның даусы,
Жұрт сөзін, ханның ойын бөлген еді.
— Хан ием! — деді байғұс кемсек қағып,
— Біз беталды жүргендे сыртта лағып,
Шоң алаяқ қарап жатпай көшіп барып,
Нұраға төрт түлігін жатыр бағып.
Осы сөз отыргандардың шырқын бұзды,

Хан алдында жиналған жандар ізгі.

— Шонды өлтірмей біздерге

тыныштық жок,

Қара жерде қалмасын басқан ізі.

Мұны естіген Бекей хан абдырады,

Сарқылғандай сол сэтте тіл құнары.

— Өлтіруді қоя тұр, басқа амал тап, —

Деп камзолының етегін жүлқылады.

Айтып қалды әлдекім жасақ жайлыш,

— Бес жұз жасақ болса егер басыбайлы...

Отыргандардың біразы келіспеді.

— Ал оларды кім айтшы асырайды?

Бекейдің балаларының бірі тұрып:

— Жасақ күрып жүргенде найқатылып,

Шонда қарап отырмас қайрат қылар,

Нұра бойын жіберер тоз-тоз қылып.

Төрелер сонда гана тоқтаған-ды,

Талайлар басқандай-ақ шоқ табаны.

— Мұны біз хан сайладық әздек тұтып.

Кәне Шоңның айылын жиып

тоқтағаны?.. —

Деп тұрғаны болар, бәлкім, іштерінен

Кобалжу анғарылад түстерінен

Сол сэтте сез ұстанған ханның ұлы:

— Созбақтауга болмайды, сірә, мұны.

400 жігіт жасақтап аттанайық,

Алла жазса аттанайық бұрсігүні.

Қара шаң көкке өрлеген будак-будак,
Жарау ат ер жігіттер әзір кунак.
Ағызып ойдан төмен түсे беріп,
Шоңды боктап бір сәтке кетті шулап.
Сол-ақ екен Бекейді балағаттап,
Шоң жігіттері оларға берген ед тап.
Келте сойыл жарқылдап қылыштайын,
Шарт-шұрт етіп қарпысты сол сәтте тап.
Кейбіреуге шекеден тиген соққы,
Қара жерге қасықтай қанын төкті.
Аттан құлап «өлдім...» деп қала берді,
Кім тоқтатар қаны қызған кекшіл көпті.
Кек болғанда Бекей мен Шоңың кегі,
Бірі сұлтан, бірі қара қусаң тегі.
Екеуі бірін-бірі тұтіп жемек,
Өштіктерінің тірлікте жок ед шегі.
Ақыры қырқысумен түйінделді,
Мұнан соң да тарқар ма түйіндері.

Ал Шоңың жасақ күрган жігіттері,
Бола тұра жеңістен үміттері.
Бытырап қаша жүріп ұрыс салды,
Сол-ақ екен Бекейліктер

ортага киліккен-ді,

Жасағы бүркіттей шүйліккен-ді.

— Барасыңдар малғұндар қайда ығып?
Ашы дауыс шыққан жаққа көзін тіккен.
Үкібай би: «Ұрындар!» —

деп ақырды өктем.

Жеңістің жақын екенін сезген еді,
Алды-артына қарамай безген тіптен.
Хан жасағын сабаған қуып жетіп,
Шоң қолы қарсылыққа кез келмеді.
Оларды қуған Шоң жігіттері өкшелетіп,
Қалың қолын Бекейдің тоз-тоз қылып,
Сәйгел тиген сиырдай барад қуып.
Дәл осы сәт әлдекім аруақтап,
Бекейліктерді қуып жетіп

оцы-солындағы,

Қақ сойылын білей ұстап қолындағы.
Шалғынға түскен шалғыдай

жайпап барады,

Шорман қолы артына ерген сонындағы.
Хан баласы шайқастан беле қашқан,
Әлжуаз немелер ғой әуел бастан.

Қазақ елі дүркіреп дүрілдеді,
– Осындаиды көріп пе ең бұрын? – деді.
– Әділетсіз хан төреге Құдай екен,
Қырын қарай бастады бүгін, – деді.
Омбыдағы орыстардың ойы бөлек,
Шоң ісіне сүйсінді елден ерек.
Шоңга Бекейдің Нұрасы керек емес,
Ол үшін Шоң би, сірә, қылмайды егес.
Хан беделін түсірді жұрт алдында,
Хан дегенің ку қурай ештеңе емес.
Сол тәбелес Шоң беделін асырды анық,
Куә болды бұл іске барша халық
Сасып: «Би, қорған бол!» –
деп Шоңга келді,
Шұбырган сонындағы халқын алып.

Шоңға келген хаттар

Кіші жұз Россияға иек артып,
Қармағын Бодандықтың алған қарпыш.
Ұлы жұз Россияға бет бұрмады,
Қоқанға қол артқан-ды тұрған шарпып.
Ал Орта жұз Абылайхан заманында,
Біріне бас ұрғаны шамалы да.
Үәли тақ иесі атанғалы іргесі іріп,
Қалың топқа айналған қара-құра.
Үәли хан болғалы Баян елі,

Арқаның қасиетті сары белі.
Оны хан деп таныған кезі жоқ еді,
Қаламайтын хан төрені ел жүргегі.
Әйтсе де уақыт көші алға асады,
Бір кезең бір кезеңмен алмасады.
Кешенің күні өтіп жаңа күштер,
Дәуірдің тізгініне жармасады.

Ол мына

«Сібір қырғыздарының уставы»
Шоң мұны ойына берік ұстады.
Бұл патшаның уставта хан, төреге
Пайдалы бап қосып, қараны қысканы
Екенін ұғынып,
Қалмас үшін алдында жүгініп.
Тоз-тоз боп кетпеуге тәуекел етуге,
Кетпеске түңіліп,
Қаралар қажыры үгіліп,
Ел-жүрттың намысын қайрады.
Жігіттер бар неше сан айбарлы
Бокейді тұқыртқан жеңісте,
Бұзылмаған бірлік қаймағы.
Ал мына хат пенен рапорттар
Атқарылған істер айғагы.
Генерал майор Броневский хатында,
Жазылған Шоң бидің атына.
«Ықпалды би» дейді әманда,
– Ұлы ағзамға ант беру затында.

Бұл асқан мәртебе, үлкен сый,
Россия империя тоғысқан мың сан ми.
Ұшпаққа шығар қаранды халқынды,
Мұны да ұмытпай көнілге түй, –
Дей келіп
Хатыңызда атаған жерлерін
Округқа енеді уәдем бұл менің.

Махонин рапортынан

Шоң мені Найзатасқа шақырды,
Сапардың сәті түсті ақыры.
Кемел ғой Шоң терең,
Үстамына сай ақылы.
Баянауыл округіне кірмек бол,
Куандық ішінен келген топ.
Алтай руынан солардың
Жайын өзіңмен ақылдасуды жөн көрдім.
– Саржаннан қатты қысым көріп келген,
Болар ең әлдекандай кенес берген.
– Ал өзің елменен тілдестің бе?
– Кездесіп тілдесіп тұрам күнде.
– Алтайдың Төбе би Зұлқарға ертіп,
Елмен қайтындар деп бір тілдесіп.
Тұрсынбай, Үкібайды жіберген ем
Көнілдері олардың да келді өсіп.

Ал бүгін сізді бастап барам сонда,
Алаң көңіл адамдар болса онда.
Бұлардың орысы қайда деген сауал
Шығуы әбден кәдік ақыр сонда,
Сонымен Шоңға еріп бардым мен де,
Жұрт шуылдасты мені көрген жерде.
— Ант берсендер
Котыр Қызылтау, Алғабас,

Сарытау, Керегетас —

Болады қоныстарын.
Естеріңе, — деді ол, — соны ұстагын.
Антқа қолдарын қойды ел шұбап келіп,
Қай қонысты кім қытайд алды бөліп.
Шоң сонан соң шақырыш ап Балқар биді,
Жайлауларды атай кеп сөзін түйді.
— Жұрт қолапаштап қоймаған соң
Мен де сәттілік тіледім істерге игі!

Өтпей қалған сайлау
22 тамыз 1883 жыл

— Баянауыл сыртқы округы ашылмақшы,
Жиылды сан тараптан игі жақсы.
— Сыртқы округ аға сұлтаны кім болады,
Кімдер таққа бақ сынап таласпақшы?..
Кімдер дейтін жөні бар елдің, сірә.

Баянаула төрені такқа мұра,
Деп ешқашан санамаған.
Олар үшін хан төре жаман адам,
Қараға қамшы үйірген барын альш.
Қылықтары жандарын жарагаған,
Шоң бидің айтқанынан шықпай үйып.
Хан төренің әмандада жолын қышип,
Бағынып бас июдің орнына
Үәли ханға салған ел сан қиғылық.
Патшаның уставына сай сайлау өтсе,
Заңға сай төре рухы басып кетед.
Сан жылдар хан төремен алпарысқан,
Шоң бидің жақтастарының
еңбегі зая кетеді.

Подполковник Камаев:

– Төрелер, аға сұлтан сайлау үшін,
Ал қане мына тұрған үйге кірсін.
Мұны тілмаш аударды тілін безеп,
Бірден-ақ сезінді жұрт төре күшін.
Қаздандал Бопы төре топты бастап,
Көтеріп ата қаздай басын асқақ.
Пішен төре Петербордан соңына еріп,
Қалың топ үйге енді артқа тастап.
Тәуке төре балалары алға көз сап,
Өзге жұртты сұсымен барад жасқап.
Бірі қалмай үйге еніп бара жатты,
Шоңның тіптен аталмай қалды аты.

Әлдекім аузын аша бергенінде,
Шоң мен Шорман әлгі үйге қадам басты.
Орыстар:
«Сендерді кім шақырды?» – деп,
Көргенде Шоң мен Шорманға
акырды кеп.

Сырттағы орыс-қазак өндері
тартты кірбен,
Үй ішінде басталған бұл дүрбелен.
Сыртқа анық ед ақыры шығары да,
Қалса киіп кетіп жүрмек бір бүйірден.
Шоң:

– Миколай!.. – деген еді ызбарланып,
– Жеткіз мениң сөзімді орысқа анық.
Саған мұны күн ілгері ескертем мен,
Аға сұлтан сайласа төрелерден,
Қаңыраған осы үйде жалғыз өзің
Иттей ұлып қаласың серт етем мен.
– Сен мені қорқытпақпысың,

Шоң? – деді анау,

– Ретсіз жерге сұғасың неге танау?
Патша уставын есіне саламын мен,
Болмайды бұл арада біздің қалау.
Ұстап төрені аға сұлтан сайла деген,
Саған оны ұғыну қайда? – деген.
Бопы сөзі шамына тиген Шоңың:
– Білгіш болсан, үйінде сайра, – деген.

Ал Төртұлының теріне тайрандатып,
Сені сұлтан кім сайлайд қараң батып.
Кетсе дағы, – деген Шоң көзбен атып.
Бопы да салған тілді бұтып- шатып,
Екі сөздің бірі де патша устаб.

Осы сөзге Тәбе би жыны үстап:
– Түкірдім устабыңа! – деп салған еді.
– Ит жеккенге айдат! –

dedі анау мұны нұскап.

– Патшаға тілі тигізген мына малғұн!..
– Кім малғұн? –

деп Шорман кеп бөгеді алдын
Жағасынан шап беріп іле-шала,
Қамшысын сілтей берген қағып қалған.
Шоң дарытпай басына Бопы шалдың
Қолындағы қамшымен салып қалған.
Бұрылыш маңғаз басып журе берген.
Есік ашты Шорман оның сонына ерген.
Даладағы қалың жұрт: «Шоң, Шоң»
Деп шуылдаған мұны көрген
Сарт еткенде қан-шекеден соргалады.
Төңкеріліп кеткендей мына жалған.
Бопы мұрттай түскен-ді естен таныш,
Қамаев абдырап сасып қалған ед.
Сәлден соң өзін-өзі қолына алып,
Шақырған сырттан емшілерін
Көп кідірмей олар да келді салып.

Дәрінің көмегімен есін жиып,
Жатты емшілер бейшараны жуындырып.
Едендегі ұйыған қанды көріп,
Зәресі ұшып бір сәтке қалды сұлық.
Йод жаққан кезінде шыдай алмай,
«Өлдім, өлдім, өлтірді»
деп берді зарлай.

деп берді зарлай.

Басын таңып ақыры сыртқа шықса,
Ел тарапты аланда бір жан қалмай.

Камаев өз көзіне өзі сенбей:

– Халық қайда қаптаған қалың сендей?

— Олар Шоң, Шорманға еріп кетті.

— Бул не, Тәңірім, түс пен өндей?

Потанин әлгі сөзін қайталады.

Ал Камаевка Бопы:

— Аналарды қайтар! — деп айқайлады.

Камаев күйіп кеткен болар, бәлкім.

— Кабан! — деп басын катты шайқаган-ды.

Сонан сон: «Кет, козінді жоға

Еңсесі Бопы төре түсіп төмен

Беттеген сонына ерген төрелерге,

Ал олар карсы алған-ды кеттік де

Ал Камаев рапорт жазып жатты.

Жоғарыға аз елі айтад латы.

Сырткы округ сайлауы отпей

Бұл ікші ретінде атап да Шон

Шорман аты.

Камаев сәтсіздікті бүкпесіз хабарлады,
Орын алған кең байтақ даладағы.
Көз алдына әлден соң әкелген ед,
Төрелерімен сай қосқан дала арланы.
Көзін жұмып Броневский ойға батқан,
Әлемге алтын ұрық екенін мойындаған.
Он үшінші ғасырдан жарты әлемнің,
Шыңғыс хан деп таңы атып күні батқан.
Сол әулеттің ұрпағы хан төрелер
Қара Шоңың алдында қалбаң қаққан.
Шоң тіpten осал кісі емес, сірә,
«Қара» деп тағу оған кінә, сірә.
Бір Құдайдың бергенін мойындаамау,
– Ол өзі бас қатырмай келсін! – депті.
– Бұл Шоң ба талайларды
жаншып езген, түкірмей уставына,
Қаларын білсе де орыс қыспағына.
Зәресі ұшқан жұртпенен жұмысы не,
Жатқан болар шалқайып қыстағында.
Тобылдан бас губернаторға тартып кетті,
Шоңға мұның болған мен ақ ниетті.
«Патша уставы – Құдай сөзі» деп ұратын,
Ұлығының қисаяр қалай беті.
Не де болса тәуекел етті дағы,
Болған жайды бүкпесіз баяндады.
Бас губернатор мұның сөзін
белмей тыңдал:

— Шонды... — деп көзін сүзіп аялдады.

— Шонды сайлауга кедергі тек устав па?

Оны айналып өтер жолды айтшы нусқап.

Үнсіз қалған мұның ол ойын бұзып:

— Бұл не қылған, Тәңірім-ау, жолсыз қыспак.

Жасы оның неше де айт дұрыстап?

– 80-ге келіп қалған болса керек...

– Ойланарлық мұныңыз бұл бір дерек

– Екінші сайлауға дейін

сыр берер бул бәйтерек.

– Міне бізге табылды іздеген жол.

Озің қол қой! – деген ед бүйрыққа сол.

Шонды онда аға сұлтан тағайындаңы

Тілеймін Шоң мырзага сәттілік мол

...Қамаевқа сол бүйрүк келіп жетті,

Ал ол Потанингэ пэрмен етті.

Шақыра барған казактар мен Потанинге.

Бүйрекпен келіп елді
Беріп жүрген жүрт бол
Буйрекпен танысын

Күпірлік мұсылманша башар сіра

Патша ағзам койсын күртүн

Камаев есі шығып мына сөзден:

Каһарына ілігіп кетпей тұрып.

Тіллесейін өзімен көзбе-көзben.

Би үйіне кірген-ді тәртіп сақтап,
Босағада іркілді сасқалақтап.
Қырындаң жатқан демалып Шонды көріп,
Белмеге келіп кірді абалактап.
Қыр көкжал бұл тұста сұлап жатқан,
Сұрланып өзін бермей ішін тартқан.
Құжатты қолына оның ұсынып ед,
Ана жерге қоя сал деп иек қакқан.
— Кете бер, — деді сонсоң қолын сермен,
Киргиздан мұншалықты қорлық көрмек.
Жай емес ед Камаевтың түсіне сібек,
Жақсы, жақсы басқа сөз таба алмаған.
Қаны қысып бор-бор боп кетті терлеп.
Шыға сала атына қарғып мініп,
Казактарға бұйырды «соныма ер» деп.
Таң атты арай төгіп шұғылалы,
Шон беттеді оянып жуынғалы.
Би біткен байлар жағы құлактанып,
Бірін-бірі ентелеп кіп жарыш.
Ағылды төңіректен, алыс қырдан,
Келгендерде есеп жоқ оннан-мұннан.
Шон қуанды балаша ол да пенде,
Өткен жылдар хан төремен алыстырған.
Тағдырларын бір арнаға тоғыстырған,
Көргенде қаптап келген қарашаны.
— Демендер хан мен төре аласарды,
Биікке олар әлі таласады.

Сақ болындар бірлікті сақтаңдар! – деп,
Олар тек күш тілменен санасады.
Бір бөлмені қазақша жабдықтатты.
Құрак-көрпө төрінде жастық жатты.
Билермен келген елді ризағып,
Орыстарды бір түрлі таңырқатты.
Ал Шорман аға сұлтан кандидаты,
Бірден-ақ іскерлігімен шықты аты.
Тоз-тоз боп осылайша жүрген халық,
Шоң хабарын естігенде қанаттанып:
– Орта жүздің Шоң, – деді, – Абаданы,
Патша ағзамның ұстабына қарамады,
Осы емес пе азаматтың жараганы.
Хан билігі жойылып орта жүзде,
Аға сұлтан билікке келді мүлде.
Әр ру мұны өзінше қабылдады.
Бітетін шаруа ма бұл бір күнде.
Ал Шоң, Шорман сырт сөзге құлақ сап,
Дөңгелетті шаруаны қолдарына ап.
Жер дауы, жесір дауы бәсендеді.
Сан ғасырлық – ұлы дау,
Бірер жылда бола ма сол.
Әйтсе де үрлых-қарлық етек алған,
Әр руда әр ауылға ізін салған.
Бірте-бірте олар да анықталып,
Бұл қырсық та тыылған іштен шалған.
Кыз-қырқынға бүйідей тиген әулие, молда

Ол дағы көп ұзамай түсіп қолға.
Тірідей әтек болып кебін киіп,
Еліне жетсе керек өлмей зорға.
Жолдаған сауалдарды генералға
Мектеп, медресе жайын тартқан алға.
Қаражат қазынадан бөлінеді,
Мұның бәрі шешілед деген алда
Генералдың сөзіне сенген еді,
Шолак дүние зыр қаккан дөңгелегі.
Қас-қағым сэтте бұлдырап өте шықты,
Алла әмірі кім оған қой дер еді.
Мұса мырза істерін жалғастырды,
«Алаш арыстарында» жазғам мұны.
Бір жазғанды қайталау артық болар,
Ақынның да сөзінің қалмас күны.

Түйін

Шоң қазақтың қарасын алға бастап,
Хан, Төреге қарады тіптен асқақ.
Алла ісін қолдаған пендесі еді,
Қылыштай откір тілмен өткен жасқап.
Ол қазақ қараашсының айбыны еді,
Көтерген төбесіне айбынды елі.
Шыңғыс ханның ұрпағын ығыстырган,
Қазагының қамқоры, ай-күні еді.
Қарашаға аттатқан устав заңын,

Агайын, Шуға қарай бет аламыз, –
Деп қопарыла көтерілді үлкен-кіші
Маманды амалсыздан орнынан ап,
Әңгіме осымен болған ед сап.

Агайын, сөздің қадірі жок,
Тындасан аз-мазырак құлағын сал.
Өсиет – бабалардан қалған мұра,
Өшпейтін мәңгілікке бір шұғыла.

Шон, Шорман аруағын асқақтатқан,
Соларды бөле, тәңірім, иман нұрга.
Ал, біздер, сол бабалар үрпағымыз,
Күлімдеп қырда атқан нұр таңымыз.

Тілі алмас, иесі үшқыр ойдың,
Ал біздер сол бабалар жалғасымыз,
Асамыз баба атымен сан ғасыр біз.
Теңіздің толқынындай тербетеді,

Бабалардың алтын балдақ алмасымыз.
Шетінен өңкей дүлділ, өңкей өрен,
Сақта, тәңірім, біздерді еңкеюден.
Рухын бабалардың асқақ ұстар.
Антқа адап бабалардан қалған берен.

Сүлеймен Баязитов

Қолды болған қоңыр кітап немесе Ә. Нұршайықовтың

«Алыстағы ауданды» очеркі хақында

Ол жылдарда жақсы кітапты қолға тусіру, оны оқып шығу өзін сәл-пәл сауатты санайтын кез келген кеңес адамының ізгі мұраты саналатын. Солардың көпшілігі кітаптан ақша аямайтын, сатып алатын. Қай үйге барсан да, кітап сөресі бос болмайтын. Ол кезде Әзілхан Нұршайықовтың шығармалары қолдан қолға тимейтін.

Ал мен жұмыс істейтін Баянауыл аудандық «Женіс» (қазіргі «Баянтау») газетіндегі сака журналистер Әзілхан Нұршайықовтың облыстық «Кызыл ту» газетінде редактор болғанын, одан кейінгі жерде «Социалистік Қазақстаниң» осы облыстагы меншікті тілшісі болғанын жырдай гып айтатын. Оның жазушылық жолының алтын баспалдағы журналистикадан басталғанын естіп білу менің оған деген күштарлығымды арттыра түсті.

Бірде кітап дүкеніне кірсем, Әзілхан Нұршайықовтың «Қазақстан» баспасынан жаңа-

да ғана жарық көрген «Жер туралы жыр» атты очерктер жинағы сатылып жатыр екен. Ізде-генге сұраған сатып алдым. Үйге келген соң құныға оқи бастадым. Бірінен бірі қызықты очерктер өзіне еріксіз тартқандығы сонша-лық – бас ала алар емеспін. Міне, «Алы-стағы ауданда» атты очеркін оқып отырмын. «...Бүтінгі сапарында ол «Большевик» колхо-зын аралап қайтпак». Осы сейлемді оқыған-да, япыр-ау, Большевик колхозы дейді, бұл біздің ауыл емес пе?! «...Жасы жетпістен асқан қарт шопан Жапар...». Кезінде әкеммен бірге қой баққан Жапар ақсақал емес пе екен? Бірак Сұлутау, Аян ауданы деген жер атаула-ры... Бәлкім, Большевик колхозы біздің ауыш емес шығар. Облыста басқа да «Большевик» атты колхоз болуы мүмкін гой деген ой же-тегінде отырыш, жол үстінде Жапар ақсақал жайлы қозғалған әңгімені оқи келе Өзекенің очеркінің кейіпкері әкемнің көршісі, әріптесі Жапар ата екендігіне шүбәм қалмады. Бұрын қатын тастаған жігіт Жапардың қызына үй-ленгенде, Жәкенің: «Бұрынғы әйелінді неге таstadtың?» – деп тергегені, соナン соң: «Енді әйел тастайсың ба?» – деп үш қайтара сұраға-ны. Ең қызығы, үйіне төркіндеп келген ма-шинаның үстінде тұрған қалаша киінген қы-

зын танымай, күйеу баласынан: «Әй, мынау селтиіп тұрган қаратаяқ қатының кім?» – деп сұрауы сәби мінезді ақкөніл Жапардың зілсіз қылықтарын аныз қылып айтатын. Сол анызды кітаптан оку маған ерекше куаныш сыйлағандай еді десіп жүрт күліп жүретін. Этей... Бұркітбаев Жәке. Оның өзіне қол беріп амандасқан машинадан түскендерге: «Әкеліңдер, әкеліңдер қолдарыңды, қолымды жылығып алайын», – деген әзілі келгендердің көнілін көтергендей еді. Ал аупартком секретары Асанбаевқа ит-құстың көп екенін, одан малды қоргауға мылтық қажет екенін айта келіп, колхоз бастығын нұсқап:

– Шырағым, осының бір қосауызы болушы еді, бойында болса соны маған әперіп кетші, – деп, тілегі орындалған тұста:

– Е, азар болса, құнын алар, – деп мылтықты қымсынбай алуы.

– Рахмет, шырағым, Бастиғым, саған да рахмет...

Очерк кейіпкері маған бір түрлі таныс адамның әрекетіндей көрінген. Бірақ бұл сол деуге әлі де ертерек сияқты. Ал аудандық қарт шопан Жапар Қадыровтың: «Меніңше, адам баласының қай уақытта болса да егін мен малсыз күні болмас деймін, шыракта-

рым. Қазір ауданда мал күтүге адамның жетпей отырганын жасырамысың? Осы пунктегі мың жарым қойға ана отырган Баяз, Баязит осы үшеуміз ғана ие болып отырмыз». Осы кезде «Онысы рас» дегендегі шопанның көмекшісі Баязитпен қатар отырган Баяз Құтыбаев басын бір изеп қалды.

«...Жолында жеті жүз бас малды Жәке деген шал жеке бағыш жүр». Осы жолдарды оқығанда Әзекенің очерігі біздің Большевик колхозына арналғанына Жәке де, Жапар да, Баяз да, менің бала күннен білетін таныс жандарым, ал Баязит менің әкем екендігіне шубәм қалмады. Тіпті шешем Шалатай Бәженейқызына жоғарыдағы жолдарды оқып бергенімде:

— Менің саған үйде одаша қалғанында мына жерде газет кісісі отырган деп сені сол жерге отырғызып алатыным есінде ме? — деп сұрады.

— Иә, есімде. Әйтсе де соншама адамның ішінен тек қана газет кісісі есінде қалай қалған?

— Ол кісі бізге назар аударып, Жапекенің бәйбішесі Орынтай екеумізден бала-шагамызды сұраған еді. Бәлкім, содан да болар. Ал ол кісінің Баяз деп жазып отырганы Бәйези

атаң ғой. Құттыбай сенің әкенің фамилиясы, әкен – Жапекенің көмекшісі, ол Баязи күзетші болатын. Аянның (Баян) жастары өз әкелерінің шаруаларына неге ие болмайды деп қонақтарға сауал тастаганын естігенде бұл олардың өзара қызу талқылайтын шаруалары, Тіпті қартайған сайын арқаларына аяздай батар мұндары еді ғой. Асановқа соны да жеткізген екен ғой, – деп терең курсінді. Күндердің күнінде «Қоңыр кітап» қолды болды. Ол кезде үйге келіп кететіндер көп еді. Олардың арасында жасынан журналистикаға талпынып жүрген жас перілер де аз емес еді. Қоңыр кітаптың солардың қайсының қолтығында кеткенін кім білсін?.. Әзекенің сол кітабын еліміздің, жеріміздің тарихы деп білетін едім. Осы таяуда С. Торайғыров атындағы Облыстық кітапхананың кітапханашысы Бақытжан айналайынға қоңырау шалдым. Соның көмегімен кітап қолыма тиді. Куанышымда шек жоқ еді. Ал өмір жалғасып жатты. Жапекен онан кейінгі жерде әкем Баязит өмірден озды. Бұл тұста «Малдан басқа шаруа болушы ма еді» дейтін Жапекенің сөзін жоққа шығарғысы келгендей Тың игеру науқаны басталып, мал шаруашылығы екінші планға шегерілген-ді. Бұркітбайдың Жәкесі

сол Әтейде турып жатты. Бір күні соқа тіркеген трактор Бозай жазығын жырта бастады. Бұл жазық Жәке тұратын Әтейдің алды. Сондагы бас балаған Жәкенің жазғы жайлауы болатын еді. Сырқаттанғанына қарамастан ол атына мініп, жерді жыртып жүрген трактористі барып тоқтатты.

— Эй, мұның не? Малдың өрісін... — дей бергенде.

— Бұл жерде сіздің жұмысыңыз болмасын. Жер — үкіметтікі, жок әлде сен партияның тыңды игеру саясатына қарсысың ба? — деген зілді дауысы сөзін бөлген. Қараса белімше аграномы екен.

— Қарағым, мына қызыл тасқа егін өспейді, текке малдың өрісі бүлінеді. Ендігісін өздерің біліндер, — деп атының басын кері бұрган. Бұл оның талай жылдар мал бағып, үрпак өрбіткен ен далаға соңғы рет араша тұсуі еді.

Енді Жапекенің және оның пікірлестерінің көңілін алаң еткен басты сауал. Бізден соң малға кім ие боладыға келсек. Жапардың Бадашы, Жәкенің Өмірзағы, Оразалысы очеркте аттары аталмаса да эр жылдарда Большевик колхозының озат қойшылары аталған. Олардың Тәуекел, Тәуел, Сейфолланың Финаяты, Әбікейдің Әділханы (сиыр

бакты) әкелерінің кәсіптерін сәтімен жалғастырды. Ал Баязиттің жалғызы мен сиыр бағып та, қой бағып та жарытпадым. Бәйези, Қабышта үрпак жок еді. Ыскәк ақсақалдың Сағадаты, даңгайыр диқан «Социалистік еңбек ері» атанды. Сейфуллин Ғинаят ауыл шопандары арасында «Ленин орденінің иегері» атанды. Шұбартаялық қой өсіруші комсомол жастар бастамасын қуаттап, шаруашылықта құрылған «Армандастар» бірер жыл еңбек етті. Ақыры, басқа бригадалар сияқты су аяғы құрдымға кетті. Аудан, облыс басшылары окуға тусіреміз деген бір ауыз сөздерінің биігінен көріне алмады.

Осы материал газетке жариялана қалса, жас пері журналистердің «Әзілхан Нұршайықовтың очеркінің ерекшелігі неде? Шеберлігі қай дәрежеде?» деген сауалдарға жауап іздері хак. Шама-шарқымызша, жауап бере кетелік. Очерктің тілі – жатық. Тіпті кейде көркем әңгіме оқып отыргандай әсерде қаласың. Әзекен – диалогтің хас шебері. Оны мынадан көруге болады. Осындағы бағылатын арық токтыны күтуші Мәлике деген жастау әйел Асановтың:

– Бұл токтыларға жок беріле ме? – деген сауальна үндеңкіремей қалды. Ферма менгерушісінің:

– Ә, жем дейсіздер ме? Әлбетте беріледі, – деген сөзін іліп әкетіп. – Жем береміз, шөп береміз.

– Тұз бересіздер ме?

– Береміз.

– Кәне көрсетіңдерші жемдерің мен тұздарыңды?

– Осында жем де, тұз да жоғы рас. Гафу етіңіз, Нүреке, мен ана кісінің ыңғайына қарап...

Очерктеңі Макенов пен Асановтың ішкі монологтары шыгарма салмағын арттырып қана қоймай, оған әр берген. Ал Әзекенің кейіпкерлерін бейнелеуі тіпті тосын жүргізуі Қаратайды басқалар жайғасып отырганша жиегі сәл қызыарыңқы көрінетін еліктің көзіндей ойнақы, мелдір қара көздерін алға қадап жіберіп екі иығын кезек-кезек қозғап қалады. Шопан Жапарды «Жапар биік қабак, қара сақал, өткір қоңыр көзді, орак мұрын кісі еді» деп суреттейді. Ал оның адудынды да айбатты мінезін « қарттың даусы қаттырақ шығыш кетті» деген жалғыз сөйлеммен әдемі жеткізеді. Осы мақаланы жазып бола берген тұста Жапекенің жастар жайлы айта келіп: «Әлде колхозда жүрсе, ақын бола алмаймын деп ойлай ма? Олар өзіміз білетін атакты Иса Бай-

заков қойшыдан-ақ ақын болып есken. Ақын болмаса ол не?» – деген сөзі орала берген. Осылай дегендеге оның құдайы көршісі, әріптесі Баязитовтің сол кезде он жастағы Сүлеймен атты ұлы қой баға жүріп, қалам ұстарын өзінің немересі Жанаргұл Қадыровалар екі Одақтың мүшесі, журналист, ақын, жазушы атанатынын, әрине, білген жоқ. Әйтсе де сол Жапекен маган аузы уәлі бұрынғының Абыздарының сарқыттындай көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мәшһүр Жусіп томдары.
2. Баянаула перзенттері 2-кітап.
3. Жазушы К. Исабаев «Шон роман».
4. Интернет материалдары.

Мазмұны

Едіге би (Аңыз)

Екінші нұсқа *Түгел сөздің түбі бір*.....3

Олжабай батыр (Поэма).....13

Шон (Поэма)

Алғашқы қадамдар үйдегі әңгіме.....34

Сулеймен Баязитов

Қолды болған қоңыр кітап немесе

Ә. Нұршайықовтың «Алыстағы аудандар»

очеркі хақында.....91

Пайдаланылған әдебиеттер.....100

Сұлеймен Баязитов

Шон

**Редакторы: Сәндігүл Аханбаева
Корректоры: Сәуле Баязитова**

Подписано в печать 27.02.2020 г.
Формат 70x90 1/32. Бумага офсетная. Гарнитура Times.
Объем в усл. печ. лист. 3,9. Объем в уч. изд. лист. 2,9.
Тираж 100 экз.

Отпечатано в ИП «Сытин А.А.»
140000, Республика Казахстан, г. Павлодар,
ул. 29 Ноября, 2, тел. 8 (7182) 61-82-13, 61-82-18

Едігे билік құрган жер,
Бір сөзінде тұрған жер.
Жалтақтамай жан үшін,
Аллага тәуба қылған жер.

Сары ала туы салбырап,
Олжабай ойран салған жер.
Сирек таста қалмақ қансырап,
«Қалмаққырган» аты қалған жер.

Хан-төрөні теңеген,
Дауасы жо дертиенен.
Шоң лепесі өрт деген,
Теңеген жұрт сертиенен.

Киіз үй, сәби бесігі,
Айқара ашық есігі.
Баянаула шакырган,
Білімдарын әлемнің.
Өнеге қым үйреткен,
Білімін алыс сан елдің.